



Farabi

№1
наурыз
2019

shakirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН БАСЫЛЫМ

ЭЛИЗАБЕТ
ТҰРСЫНБАЕВА:

*Қош келдің,
3 Наурызым!*



Қазіргі таңда бізде ғылымға бағытталған арнаулы журнал күрт азайып кетті. Ұлттық Ғылым Академиясының журналдары, негізінен, жоғары білікті ғалымдарға арналған. Ал университеттердің журналдарында көбінесе білім мәселесіне қатысты материалдар мен PhD диссертациясының мақалалары жарияланады.

Жаңадан ашылып жатқан мына журнал — ғылыммен шұғылданатын жастарға үлкен көмекші болады деп ойлаймын. Бұл журнал — талантты балаларымыз өз ой-пікірлерін, ғылыми бағыттағы жаңа идеяларын еркін айтып, ортаға салып, нақты ұсыныстар беретін трибунаға айналады деп сенемін. Ұлы бабамыз Фараби де осы ұлы далада туып, жас кезінен білім мен ғылым іздеп, шетел асып, оқып-ізденіп, ғылымның әр саласынан өте маңызды жаңалықтар ашып, «Әлемдегі Екінші Ұстаз» атанған болатын. «Фараби шәкірті» журналының жас авторларына осы ұлы бабамыздың жолын берсін, қазақ даңқын әлемге таратсын деп тілеймін! Журналдың ғұмыры ұзақ болсын!



Сейіт Қасқабасов, ҚР ҰҒА академигі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

БІЗДІҢ МҰҚАБАДА

ЭЛИЗАБЕТ ТҰРСЫНБАЕВА

«ТӨРТ ҚҰРЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНДА» КҮМІС МЕДАЛЬ АЛДЫ



Ол АҚШ-тың Анахайм қаласында мәнерлеп сырғанаудан өтіп жатқан «Төрт құрлық чемпионатында» күміс жүлдегер атанды.

Тұрсынбаева еркін бағдарламада 139.37 ұпай жинап, маусымдағы үздік нәтижесін көрсетті. Қос бағдарлама қорытындысы бойынша Элизабет Тұрсынбаева 207.46 ұпай жинады. Бұл — турнирдің күміс жүлдегері атануға лайық нәтиже. «Төрт құрлық чемпионатындағы» әйелдер арасындағы сында жапониялық Рика Кихира жеңімпаз атанды. Ол жалпы есебі 221.99 ұпайға қол жеткізді. Үшінші орында 207.12 ұпай жинаған Жапонияның тағы бір өкілі — МайМиахара.

«АҚШ төрінде сәтті өнер көрсеткеніме қуаныштымын. Бүгін өз мансабымда тұңғыш рет төрт айналымды сальховты орындауға тырыстым. Элементті орындау кезінде құлап қалсам да, соңына дейін айналдыра алғаным үшін қуаныштымын. Екі аптадан бері осы элементті еркін бағдарламада орындап, жаттыққан едім. Бір рет құлаған соң, қалған секіру элементтерін сәтті орындағанымға қуаныштымын», — дейді Olympic.kz сайтына пікір білдірген Тұрсынбаева.

Farabi shakirti

№1 (1) Наурыз 2019

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Президенті: Ахмет АЛАЗ

Бас директор-редактор: Жанастан КУЧУКОВА

Тілшілер: Жұлдыз ӘБІЛ,

Тамила ИБРАГИМОВА

Айдана ИМАНБЕК

Безендіруші-дизайнер: Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Редакцияның мекен-жайы: 050034, Алматы қаласы,

Райымбек батыр даңғылы, 208А, 313 офис.

Тел.: +7 701 730 9312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ—5000 ДАНА

ЗЕРЕК
ЖАСӨПІРІМДЕРГЕ
АРНАЛҒАН БАСЫЛЫМ

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01. 2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған тілінде жарияланады.

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Журнал "Educon" баспаханасында басылды.

Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет ондай болмасқа керек.

әл-Фараби



Оқырманға шашып нұр шуағын, «FARABI SHAKIRTI» ашты құшағын!



«ФАРАБИ ШӘКІРТІ» журналына тілек

Балаларды қоғам, адамзат келешегі тұтып, олардың қалыптасуына ықпал ету – өркениетті халықтардың негізгі міндеті. Бала – болашағымыз. Саналы ұрпақ тәрбиелеп өсіру ісінде қазақ басылымы бүлдіршіндер мен жасөспірімдерге арналған газет-журналдардан кенде емес. Бірақ балалар журналын кішкентай бүлдіршіндердің алданышына балап, соларға ғана арналған шақтаулы шағын басылым деп қарамауымыз керек. Өйткені, ол – кішкентай оқырманды тәрбиелейтін шығармашылық үлкен мектеп. Қазақ балалар басылымы қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан іргелі сала. Сол салада соқпақ салмақ ниеті бар «Фараби шәкірті» журналы да балғын, бөбек, бүлдіршін жастың сұлулыққа құштарлығын оятатын, отансүйгіштік, елдік рухына ұмтылдыратын тәрбиешілік қызмет атқаратынынан зор үміт күттіреді.

Бүгінгі қазақ балаларын тәрбиелеу құралдарына артылып отырған жауапкершілік жүгі, әсте, аз емес. Балалар басылымы қалыпты жолға қойылмай тұрып, бізде БАҚ, баспасөз кемелдену үстінде деп мақтанушылық – үйдің іргетасын қаламай тұрып, шатырын жабамын деген әурешілікпен бірдей. Балалар журналы жолға қойылу үшін шеберлік керек, шеберлікті шыңдайтын талап қажет.

Бүгінгі балаларды елемеу-ескермеу – қоғамның ертеңін ескермеу. Адамзат баласының ертеңін елеп-ескермеуден асқан салғырттық жоқ. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім болса керек. Осы «Фараби шәкірті» журналын парақтап оқып шыққан бүлдіршіннің ой-өрісі кеңейіп, санасы тереңдей түсеріне, зерделі ұрпақ болып тәрбиеленуіне үміттіміз. Ақыл-ойдың кеңішіне айналатын, сан алуан тақырыптарды қаузайтатын бұл басылым әлі-ақ көптеген балалардың сүйікті журналы болары кәдік. Сондықтан «Фараби шәкірті» журналы өзінің жасампаз функциясын қалтқысыз атқаруда аянбай еңбек етеріне үлкен сенім артамыз.

Құрметпен,

Ұлықбек Есдәулет,
Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының Төрағасы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Және ғасырларға жалғаспак

— Мені әл-Фарабидің шәкіртісің! — дейді.

— Қандай мақтаныш! Фарабидей болсам деп армандайтын мыңдаған шәкірт бар. Мен де солардың бірімін. Ата-анам кішкентайымнан менің танымдық ойымды дамытатын ойындар, әңгімелер сатып алып берді. Мектепке барғанда 1-сыныптан алғыр оқушы атандым. 5-сыныптан бастап мектепішілік ғылыми жоба байқауына қатысып, туған ауылымды, ауылымның мәртебелі азаматтары туралы, Ұлы отан соғысының ардагерлері, ауылымыздан шыққан танымал адамдар туралы зерттеу жұмыстарымды қорғап жүрдім. Енді міне, жоғары сыныптамын. Жоғары сынып оқушылары арасында өтетін ғылыми жоба байқауына қатысып, Әбу Насыр әл-Фараби атамның бізге айтып кеткен шығармаларымен жаһандық ғылымға қосқан орасан жетістіктері туралы оқып-білгенімді құрбы-достарыма айтып жеткізуге талпынудамын.

Он бір ғасырдан бері жоғалмаған ілім

Кітапханаға келіп, әл-Фараби туралы жазылған ғалымдардың еңбектерімен таныса бастадым. Фараби атамның да бала кезінде ғылымға құлаш сермеуіне деген құштарлығы Отырар кітапханасында пайда болған екен. Сыр өңірі, Отырар мен Әулие ата жері тұнған тарихтан сыр шертеді. Бала Фарабидің кітаппен достасып, кітапхананы рухани үйіне айналдыруының себебі, тарихи деректерде әкесі Мұхаммед Весиж қаласының әміршісі болған. Ұлы Жібек жолы арқалы Отырарға келген адамдар өздерімен бірге кітап арқалай келіп, бала Фарабиге сыйға тартып отырса керек. Фарабидің толық аты Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхамед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл Фараби ат Түркі. Ат Түркі – шыққан тегі түркі, әл-Фараби–Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған есімі – Мұхаммед. Кейбір Фараби әскери ортадан шыққан деген деректерге сүйенсек, оның мықты және ержүрек болғаны, атқан жебесі нысанаға дәл тиетін деген деп жазылған мәлімет бар екен.

Шығыс ғұламасы – әл-Фараби 870 жылы Ежелгі Ұлы Жібек жолында, Арыс өзенінің Сырдарияға құятын тұсында бой көтерген Отырар қаласында дүниеге келген. IX ғасырда Отырар қаласы тарихын қойнауына жазған қаншама ғалымдардың басын қосып, сауда жолдарын дамытқан мәдени орталыққа айналған. Сондықтан мұнда ғылыми жұмыстармен шұғылданатын ғұламалар үшін рухани ақылшы кітаптар көп жиналыпты. Аңыздарға сүйенсек, кітаптың саны жағынан Отырар кітапханасы



атақты Александрия кітапханасынан кейінгі екінші орын саналған.

Оңтүстікте Отырар ауданы бар. Орталығы — Шәуілдір ауылы. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атамның Жарлығымен облыс орталығы Түркістанға көшірілді. Отырар жеріндегі кітапхана мен көне дәуір ғимараттарын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі баладан Отырар туралы сұрай қалсаңыз, Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы — Арыстан бабты айтады. Оның кесенесіне тәу етіп барған адамдар елімізде көп, соның ішінде балалар да бар. Мен де үлкендермен бірге жоғарыда атап өткен бабаларға зиярат еттім. Отырар – Қазақ вальсінің королі атанған композитор Шәмші Қалдаяқовтың туған жері. Мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков атамның жерленген жері Арыстан баб кесенесі орналасқан алаңқайда екен.

Жеті жұрттың тілін біл!

Ата-бабаларымыз ежелден сырт мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас жасау үшін ұрпағына «жеті жұрттың тілін біл» деп өсиет айтқан. Фараби атамның

да 70-ке жуық тіл біліпті. Оның өмірбаянына қарасақ, 91 жыл өмір сүріпті. Ойлап қарасақ, сол кездегі әлемнің барлық халықтарының тілінде сөйлеген деп ұғамыз. Біздің еліміз Тәуелсіздік алғаннан бергі 28 жылдың ішінде, мемлекетіміздің Тәуелсіздікпен жасты құрдасы аз дегенде 3-4 тіл біледі. Тұңғыш Президентіміз білім беруде «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасын бекітті. Қазақ, орыс және ағылшын тілінде таза, көркем сөйлейтін оқушылар қатары көбеюде. Жылда мектеп бітіруші түлектер, колледж студенттерін шетелдік жоғары оқу орындарына білімін одан әрі жалғастыруға шақыратын бағдарламалар көбейді. Оқушылардың өздері АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, басқа да іргелі елдерде жазғы демалыс кезінде арнайы курстардан өтеді. Әрі демалыс, әрі шет тілін меңгеруге мүмкіндік. Дегенмен мұндай курстарға қалтасы қалың ата-ананың балалары ғана бара алады. Ауылдың балаларына шетелде білім алу тек арман... Дегенмен ауыл мектебінде оқыған балалардың білімінің еш кемдігі жоқ. Мен де қалаған мамандығым бойынша жоғары білім алған соң, «Болашақ» бағдарламасының грантына ие боламын деп сенемін.

Фарабидің балалық шағы туралы дерек аз екен

Ғылыми жобамды жазып бітіп, байқауға сақадай сай болдым деп ойладым. Жан-жақтағы мектептерден келген оқушылардың тақырыбы сан түрлі екен. Көбі жаратылыс тану сабағы: физика, математика, биология мен химия пәндеріне байланысты бірқатар еңбек етіпті. Астрономия, өнер саласын қамтыған ұлдар мен қыздардың мақтанышы қойнына сыяр емес. Осы пәндердің негізін Фараби бабамыз салып кеткенін бұлар, әй, біле қоймас. Менен әрқайсысы келіп, қорғағалы тұрған тақырыбымды сұрап-сұрап қояды. Кезек маған келді. Ғылыми жетекшім қарсы алдымда отырып, мінберде тақылдап тұрған маған қарап, басын изеп отырды. Мен де өзгелердей жобамды тамаша қорғадым деген оймен еш қобалжымай, ойымды аяқтадым. Кезек қазылар алқасында.

— **Қане, Фарабидің шәкірті, рухани ұстазыңның балалық шағы туралы айтшы?**

— Зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріне сүйенсем, олар ғылыми мақалаларында әл-Фарабидің балалық, жастық шағы жайында о баста айтарлықтай деректер қалмағанын жазған. Аристотельді ұстазым деп ерекше құрметпен атаған. Ғұламаның өмірбаяны жасы елуден асқаннан кейінгі жылдарын қамтиды. Отырарда туған ұл білім-ғылым іздеп, Бағдад шаһарына жол тартады. Оның сол елде ғұламалармен танысып, ғылыммен айналысуына жол ашылады. Менің жауабыма сұрақ қойған апай қанағаттана қоймады.

— Фарабиді толық білу үшін ұлы ойшыл туралы өте көп оқу керек. Сонда ғана оның философиялық зерттеулерін терең түсінуге болады дедім әл-Фараби туралы қайталап оқығанымды білдіріп.

— **Ендеше сен әл-Фарабидің еңбектерін қалай оқығаныңды тексерейік, — деп сұрақты төпелетті қазылардың біреуі.**

— Бала бәрін айтып беріп тұр ғой. Фараби туралы кішкентай шәкірті түгілі ғалымдар XI ғасырдан бері зерттеп

келеді емес пе? Сұрақты азайтайық, — деп жетекшім шырыр болды. Мен де мінберде қасқайып тұрмын, қандай сұрақ болса да мүдірмей жауап беруге дайын екенімді білдіріп.

— Ағай, сіздің сұрағыңызға жауап берейін. Әл-Фараби өзінің ұстазы Аристотельдің «Жан туралы» еңбегін 100 рет, «Табиғи гармониясын» 40 рет, «Риторикасын» 200 рет оқып шығыпты. Мен ұстаздың еңбектерін өмір бойы оқимын. Мүмкін 100 рет не 1000 рет. Өйткені менің тақырыбым: «Фараби шәкірті».



Қазылар алқасы менің білімімді әбден тексерейін деді. Мен де сұрақтан сүрінбеуге бел будым.

— **Ендеше айта ғойшы, алғашқы фарабитанушы кім?**

— Деректерде оның еңбектерін жарыққа шығару мәселесі ертеден қолға алынған. Еңбектері әр жылдары бізге дейін әлемнің араб-парсы, латын, неміс тілдерінде, венгр-мажар, француз, орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылып, зерттеу жұмыстары толассыз жүргізілген. Фараби бабамыздың кіндік қаны тамған Отырар болғандықтан, қазақ зиялыларының ішінде алғашқылардың бірі ғалым Әлкей Марғұлан таныстырған. Одан кейінгі фарабитанушы Ауданбек Көбесов деген ағамыз.

— **Бәрекелді! Ұлы ойшылдың еңбектерін айта аласың ба?**

— Ол жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім. Оны тереңінен зерттеу біздің міндетіміз.

Мен бұл байқауда ең үздік баға алып, Бас жүлдені қанжығам байладым. Ғылыми жоба жұмысым туралы алдағы уақытта баспасөз басылымдарына жазуға бекіндім. Алдағы жобамның тақырыбы: «FARABI SHAKIRTI» — таңдар мамандығым менің ғылыми жұмысымның тақырыбы.



**«FARABI SHAKIRTI»
ойларын тыңдаған —
Ж.Кучкова**

«Ұлы даланың жеті

Шәкірттер арасында да

Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қазақ даласында ғана емес, бүкіл әлем халықтары арасында талқыға түсуде. Мақалада айтылған кереметтер ғасырлардан бері қазақ халқымен бірге жасап келе жатқанымен, оның мән-мағынасына соншалықты рең берілмеген еді. Мақала жарыққа шыққан сәттен бастап, онда айтылған қағидатты қария да, бала да қызығып оқи бастады. Сахараның төсінде орын алған ұлы дала кереметтері туралы ұстаз қауымы да шәкірттері арасында әр тақырып барысында сабаққа кіріспе ретінде баяндауға көшкен.

Кеген ауданындағы С.Бейсембетұлы атындағы мектепте өткен оқушылар арасындағы Елбасы мақаласына байланысты өткізіле бастаған шараның куәсі болдық.

Атқа міну мәдениеті

Марат Қырғызбайұлы Әдінов, мектеп директоры:
— Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын оқушылармен бірге талқылап, білген-түйгендерімізбен бөлісіп отырмыз. Ауылда тұрғандықтан, мал атаулы, соның ішінде Қамбар ата тұқымы — жылқы таңсық емес. Ауылымыздың әр үйі дерлік жылқы ұстайды. Қымызын пайдаланады. Ата-бабаларымыз «Ер-қанаты ат» деп жылқы малын ерекше бағалаған. Жылқы — сонау ерте заманнан бері қарай тұқымы жойылмай келе жатқан жануар. Ат — бұрынғы жаугершілік заманда батыр бабаларымыздың пырағы болды. Сахарамыздың төсінде сәйгүліктер аламанға түссе, арғымақтарымыз шетелдіктердің арманына айналды, — деп мектеп директоры, Жалаңаш оқу-өндірістік комбинаты жанында арнайы үйірме барын айтып, таныстырды.

Атадан қалған мұра

Сейіт Бәтжанұлы Утегенов:
— Ат әбзелдерін жасау уақыт пен шыдамдылықты, шеберлікті талап ететін өнердің көне түрінің бірі. Шеберлеріміздің кәсібі. Мен де бала кезімнен аталарымнан үйренгендерімді бүгінгі балаларға қалдырайын деген мақсатпен үйірме аштым. Ат жабдықтарын жасауға ауылдық жер болғандықтан,

қыры»



қанат жаюда



материал тапшы емес. Бүгінде атты мал бағатын шопандар, бие байлайтын адамдар болмаса, ауылдық жердің өзінде минуте пайдаланбайды. Әр үйде көлік бар. Соған қарамастан біздің ұрпағымыз жылқы малына ерекше мән беру керектігін Елбасы дер кезінде қолға алып отыр. Аталарымыздан алып қалған мұраны жеткіншектерге жеткізу — бұл кәсіптің сырын білетін адамдардың міндеті, — деп шәкірттеріне сөз берді.

Рахым Мұхамедәлі:

— Мен болашақ мамандығымды мал шаруашылығына байланысты таңдап отырым. Кішкентайымнан атпен бірге өсіп келемін. Өзімнің жүйрігім бар. Соны баптаймын. Ауыл мен

ауданда өткен аламан бәйгелерге қатысамын. Ат әбзелдерін жасап, үйрену үшін Сейіт ағаның үйірмесіне қатысамын. Ең алдымен, ер-тоқым жасайтын ағашты таңдаймыз. Ауылымызда ағаш көп, діңі ең мықты қайың ағашынан жасалады. Ер-тұрман жасайтын адамдарды «Ерші» деп атайды.

Рахат Сембаев:

— Өз қолыммен атыма әбзелдерін жасаумен айналысудамын. Тізгін, ауыздық, қамшының өрімі, қуысқан-сиыр және жылқы терісінен иленіп, жасалады. Өйткені олар ыстық пен суыққа да төзімді. Ұзақ пайдалануға болады. Алдымен, теріні иін қандырып, иелейміз. Кепкен соң, қажетімізге қарай тіліп, яғни кесіп, жабдықтарға лайықтап өреміз. Біткен соң, оларды ерге жалғаймыз.

Санжар Мыса:

— Мен ат баптаймын. Бәйгелерге де қатысамын. Сәйгүлік баптау оңай емес. Аттың сәні — оның ер-тұрманы. Оны әдемілеп жасауға өте шеберлік керек. Үйірмеге қатысып, ат жабдықтарын әсем етіп жасасам деп армандаймын.

Ер-тоқым жасауды үйреніп келе жатқан ұлдардың өнерімен таныстық. Атқа мінуде оның жабдықтары өте шеберлікпен жасалатынынан оқушылар мен ұстаздар көп мағлұмат алды. Кейбірі өздері білмейтін сұрақтарын да қойып, оған нақты жауаптарын алды. Айталық:

— Ердің алдыңғы қасы неге ортасынан бөлінген?

— Балалар, міне, мұнда үлкен мән бар. Ердің алдыңғы және артқы қасы болады. Алдыңғы қас өздерің көріп отырғандай сәл биіктеу. Ерлер ыңғайлы болуы үшін қамшыны іліп, жерге түсіп кетпес үшін ортасына қамшыны қыстырып қойған.

— Ағай, батырларымыз соғыста найза, шоқпар, қалқан пайдаланды. Фильмдерді көргенде, батырлар найзасын ер-тоқымға сүйеп қояды.

— Өте байқампаз екенсіңдер! Ердің елшігіне найзаны сүйеп қойғанда, құламайды. Жаугершілік заманда елшіктен жұлып алып, жауға қарсы аттанған.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына байланысты ұстаздың айтқандарын балалар ұйып тыңдады. Үйірмеге қатысатын ер балалар да білгендерін айтып берді. Сонымен қатар жылқының түрлеріне шолу жасалды.

Сейіт Бәтжанұлы оқу-өндірістік комбинатында 33 жылдан бері ұстаздық етуде. Жоғары санатты мұғалім. Шеберлігімен есімі аудан ғана емес, облысқа танымал жан. Еңбегі еленіп, облыстық білім басқармасы тарапынан Алғыс хатпен марапатталған. Ұстаздан тәлім алған шәкірттері де ауданнан оза шауып, облыстық бәйгелерге жүлделі орындардан есімі аталуда.

Ж.Кучукова



ҚАНАТЫҢА ІЛІП КӨКТЕМНІҢ ӘН-ЖЫРЫН, ҚОШ КЕЛДІҢ, ҚҰСЫМ НАУРЫЗЕК!

Қазақтың салт-дәстүрлері ең көп орындалатыны да осы Наурыз мерекесі. Салт-дәстүрлеріміздің қайсысы қалай орындалады, оның жолдары қандай деген сұраққа жауапты қазақтың белгілі жазушысы, академик, профессор Нағашыбек Қапалбекұлы ұлтымыздың сыр-сандығын аша отырып, оқырманға айтып береді.

ЖЫЛ БАСЫ — НАУРЫЗ АЙЫ

Ежелден мерекеге толы айлардың бірі саналады. Күллі әлем мұсылмандары Наурыз айын асыға күтеді. Күн ұзарып, Жерана құшағы жылынса, егінге түрен салынып, малдың аузы көкке тигенде халық келесі жылдың мол азығының қамына кірісетін болған. Көктемнің алғашқы айынан бастап, олар әр күнді мерекеге айналдырған.

Бұл үрдіс ғасырлардан бері мәнін жоғалтпай келеді. Тәуелсіз еліміздің көп-ұлт пен-ұлыстары Наурыз мерекесін жаңаша тойлауда. Наурыз айының алғашқы күнінен басталатын мереке бір айға көлемінде аталып өтеді.

1-Наурыз алғыс Алғыс айту күні елімізде 2016 жылдан бері аталып келеді. Мерекенің маңызы жас ұрпақты тәрбиелеуде төзімділікке, шыдамдылыққа және ұлтаралық татулықты сақтауға баулу.

8-Наурыз ардақты Аналарымыздың мерекесі. Ұл-қыздарымыз Халықаралық әйелдер күніне ертеден дайындалып, әсіресе аналары мен әжелеріне, әпке-қарындастары мен сіңлілеріне, құрбыларына ерекше сыйлық дайындауды ойластыра бастайды. Аналар мейрамында құшағы гүлге толмайтын әйел заты кемде-кем шығар?!

14-наурыз еліміздің батыс өңірінің тұрғындары Амал мерекесін тойлауды бастайды. Бұл күнді «Көрісу», «Қауышу» күні деп те атайды. Қалай десек те, мереке қыстан аман-есен шыққан жұрттың бір-бірін түгендеп, алыс-жақынымен көрісетін күні. Ресми мереке болмағанымен, 14 наурыздың балалар мен жастарға берер өңегесі аз емес. 1918 жылы Ресей Батыс Еуропа күнтізбесіне ауысқан сәттен бастап, ескіше 1 наурызда тойланатын «Көрісу» 14 наурызға тура келген.

Амал мерекесін Маңғыстау халқы алғашқылардың бірі болып тойлауды қолға алған өңір. Жаңару мейрамын теңіз деңгейінен 532 метр биіктікте орналасқан Отпантауда атап өтуді әдетке айналдырған.

22-23 — Наурыз жыл басы. Татулық пен кешірімнің, бата мен тілектің, қуаныш пен салтанаттың тоғысқан мерекесі. Наурызға үлкендермен қатар

балалар да ерекше дайындалады. Өнер-білім, спортта бақ сынайды. Үлкендерден бата алады. Әр үйде, ұжымда, ауыл-мен аудан халқы кең дастарханға қойылған мәзірден дәм татады. Бір-біріне игі тілектерін айтады. Мерекенің берекесі «Наурыз көжеден» дәм татады.

НАУРЫЗДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

ТҰСАУКЕСЕР: Бала енді-енді жүре бастағанда, міндетті түрде «тұсаукесер» ырымын жасайды. Баланың шешесі абысын-ажындарымен жиналып, ауылдағы аяғы жеңіл, жүйрік, баласы көп, берекелі, қадірлі адамға баланың тұсауын кестіріп, шашу шашып, жеңіл желпі сый-құрмет көрсетеді.

Тұсауды үш түрлі кеседі:

1. қойдың тоқ ішегімен — берекелі болсын деп;
2. ала жіппен — ешуақытта ешкімнің ала жібін аттамасын, адал болсын деп; көк шөппен — көк шөптей көгерсін деп.

АМАНДАСУ САЛТЫ: Амандасу салты қазақ халқының ең үлкен дәстүрінің бірі. Үлкені мен кішісі бір-бірімен кездескенде амандасады. Амандасу салты «Ассалаумағалейкүм!» деген сөзден басталады. Мұның мағынасы жақсы тілекті білдіреді: «Сізге Алланың нұры жаусын» деген сөз. Бұл сөзді жасы үлкен ер кісілермен әр түрлі жастағы ерлер амандасқанда жиі қолданады. Тілегін қабыл алып, қарсы адам: «Уағалейкүмассалам!» деп оң қолын ұсынады. Ол «Алланың рақымы сізге де жаусын!» деген сөзді білдіреді.

БАТА: Ертеден келе жатқан тамаша салт-дәстүріміздің бірі — бата. Бата беру дәстүрі шығыс халқы арасында, соның ішінде қазақтарда кең тараған. Әдетте бата ауылдың үлкен қария ақсақалдарының, жолы үлкен адамның, қадірлі, қызырлы адамның, құдайы қонақтың үлесіне тиген. «Жаңбырменен жер көгереді, батаменен ел көгереді» деп жақсы киелі адамдардың батасын алып, кейінгі ұрпаққа да ықылас білдіріп, бата беріп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. «Баталы ел тозбас» дегендей бата, тілек, өсиет айту — мұсылмандық болмыстың бір сынығы десе болғандай. Қазақ халқындағы сан ғасырлардан бері қалыптасып кеткен бата сұрау, бата беру үрдісінің түп-төркінін асыл дініміз — Исламнан іздегеніміз де жөн.

БӘЙГЕ: Ұлы тойда, аста, мерекеде қарсыласын жыққан палуанға, озған жүйрікке, жеңген ақынға берілетін жүлде. Тойдың астың дәрежесін, қызығын осы бәйгеге қарап анықтауға болады. Бәйгенің ең үлкені әдетте бас палуан мен жүйрік атқа тағайындалады. Әсіресе ат бәйгесіне мол мал, дүние-мүлік тігіледі. Аты озып бәйге алғандар оның бәрін еліне айдап кетпейді. Бұл жомарттық, мәрттік, ерлік ғұрып. Оның ақсақалдарға, жанындағы жолдастарына біраз бөлігін бөліп береді. Бәйге қазақ халқының рухани, мәдени дәрежесін көтеретін және көрсететін үлкен дәстүр.

«Күйшінің көңіл күмбірі»

«№184 жалпы білім беретін мектебімізде 12 ақпан күні күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының туылғанына 200 жыл толуына орай «Күйшінің көңіл күмбірі» атты кездесу кеші өтті. Кездесу кешінің басты мақсаты, оқушыларымыз Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы деректерді кеңінен біліп, күй өнеріне деген қызығушылығын арттыру.



Күй тыңдау және ән айту барысында жас ұрпақтың музыка тілін сезіне білуге, есте сақтау және орындаушылық қабілеттерін жетілдіруге үйрету. Құрманғазы күйлерінің тәрбиелік мәні жайлы әңгімелей отырып, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Құрманғазы Сағырбайұлының рухты шығармаларымен таныстырып, ұлтымыздың асыл мұраларын жас ұрпақтың санасына сіңіру, дәстүрлі күй өнерін дәріптеу болып табылады. Құрманғазының қазақ музыкасына қосқан үлесін кейінгі ұрпаққа аманаттау.

Кездесудің қадірлі қонағы атадан мирас болып келе жатқан күй өнерінің атасы Құрманғазы оркестірінің беделді күйшісі, домбырашы Батыржан Мықтыбаев өзінің өнер жолы жайлы әңгімеледі. Мың бұралып билеген биші қыздарымыз бен өнерпаз ұлдарымыз өз өнерлерімен тәнті етті. Оқушылардың қатысуымен Құрманғазының «Адай» күйінің желісі негізінде көрініс көрсетілді. Көріністе күй атасы Құрманғазының рөлін 9 «Ә» сынып оқушысы Сатулла Фараби әже рөлін мектебіміздің білікті де, тәжірибесі мол зейнеткер ұстаз, биология пәнінің

мұғалімі Жумадилова Ұлзада апай алып шықты, ал Ақмаңдай қыздың рөлінде 10 «А» сынып оқушысы Акимғалиева Аружан ойнады. Кешті Мейлибеков Нұрислам мен Бақтиярқызы Аружан жүргізді. Күй атасы — Құрманғазының «Арал мұңы» күйін 8 «Ә» сынып оқушысы Нұрмат Толқын қобызда тартса, 7 «А» сынып оқушысы Накипбаева Диана «Домбыра сазы» әнін шырқады. Бастауыш пәні мұғалімі Молдахулова Мархабат пен Ауелова Камила «Қасиетті домбыра» әнін орындады.

Кездесу кешін «Кәусар» би тобы одан әрі әрлендіре түсті. Республикалық және қалалық жарыстарға дайындаған оқушылары жарыстардан үнемі жүлдемен оралатын жоғары деңгейдегі әншілерден білім алған музыка пәні мұғалімі, білікті ұстаз Сулейменова Данара Жансейітқызы өнер саласындағы жетістіктерімен бөлісіп, «Домбырасыз сән қайда?» деп асқақтата ән шырқады.

«Күйшінің көңіл күмбірі» атты кездесу кешіміздің қадірлі қонағы Батыржан Мықтыбаев оқушыларға қазақтың киелі аспаптарының бірі — домбыра аспабында құлақтың құрышын қандырар Құрманғазы Сағырбайұлының атақты күйлерін нақышына келтіре отырып орындады. Кездесу кеші оқушыларымыз рухани азық алардай өте әсерлі әрі мазмұнды есте қаларлықтай өте жоғары деңгейде өтті.

Сандуғаш ЕРМЕКБАЕВА,
Алматы қаласы, Алатау ауданы,
Теректі ықшам ауданы.

Атамның сабақтары

«QALPAQ»



Сәлем, жас дос!

Әр ересек адамның өмірінде оның қалыптасуына ықпал ететін, оны тәрбиелейтін, оған үлгі болатын адам болады. Менің өмірімдегі сондай адам туралы өзіне сыр шерткім келіп отыр. Ол кісі – менің атам. Әрбір ісімнен, қарекетімнен атамның сабақтарының ізі әлі күнге дейін білініп тұрады. Егер мен осы кезге дейін қандай да бір белеске шығып, жетістікке жеткен болсам, ол атамның тәрбиесінің жемісі деп білемін.

Менің атам жаратылысы ерекше жан болатын. Орта бойлы, шымыр денелі, шашын тақырлап алдырып тастайтын. Соғыстан алған жарақаттардың салдарынан сол қолының шынтағы жазылып-бүгілмейтін, бір аяғы екіншісінен қысқа. Бірақ сол кемтар жағдайына қарамай өте қуатты, шапшаң еді. Ауылдың тірлігі ертеден кешке дейін қара жұмыспен

өтеді ғой, сондай кездерде атамның қарымына анау-мынау жас жігіттер ілесе алмайтын. Әке-шешеден жастай жетім қалған, ашаршылықты бастан кешкен, шиеттей балалары көз алдында шетінеген, қанқұйлы соғыстың бел ортасында болған, әйтеуір өмірдің тауқыметін бір адамдай тартса да, мойымаған, сағы сынбаған. Сырттай қатал мінезді көрінгенмен, жүрегі жұмсақ, бауырмал болатын.

Қазір өткен күндерге үнілсем, ол кісі ешқашан мені отырғызып қойып тәрбиелеп, «балам, адал бол, мықты бол, әділ бол» деп, ақылды әңгімелер айтпаған екен. Ол кісі артық сөйлемей, тек өзінің ісімен көрсететін және тапсырма беріп, орындататын.

Менің бойыма атамның ең алдымен, сіңірген жақсы қасиеттері – еңбексүйгіштік пен тазалық. Біздің ауламыздың бір бөлігінде алма бақ, бір бөлігінде апамның көкөнісі, бір шетінде жоңышқаның шабындығы болатын. Тағы бір жағында малға арналған қора-қопсы. Осы шаруашылықтың барлығын атам ақсандап жүріп,

бір өзі дөңгелететін. Таң атпай ұйқысынан оянып, намазын оқып болған соң, шық түспей тұрып бедесін шауып алатын. Содан соң, оны бізге балтамен майдалап туратып, қорадағы байлаулы тұрған қойға бергізетін. Атамның малды баптап баққаны өз алдына бөлек әңгіме. Сол баптағанның бір көрінісі бордақыланған қойлар семіздіктен орындарынан тұра алмай қалатын. Ал қораның ішіндегі тазалық қазіргі заманның техникамен жабдықталған мал фермаларындағы жағдайдан артық болмаса кем түспейтін. Одан кейін кезек аулаға келеді. Жаз болса, үйдің айналасын қылшық қалдырмай сыпырып, қыс болса, қарын күреп, малдың астын тазалап, жем-шөбін, тұзын төкпей-шашпай алдына дайындап қоятын.

Атамның ұқыптылығы сондай, аулада не қорада көлденең жатқан аша-күрек болмайтын, іздеген нәрсе әрдайым өз орнынан табылатын. Бізден де сол тәртіпті талап ететін.

Атам қазірдегі таймменеджмент деген ұғыммен таныс болмаса да, күн тәртібіне ерекше көңіл бөлетін. Бар бала-шағаның ерте оянып, уақытымен тамақтанып, түстен

кейін ұйықтағанын өзі қадағалап отыратын. Біз бала болған соң түстен кейін ұйықтағымыз келмейді, бар есіл-дертіміз ойын. Бірақ атамнан қорыққан соң амал қанша, көнуге тура келеді. Сондай күндердің бірінде қызық оқиға болды. Атам бізді ұйықтады ғой деп ойлап, өз шаруаларына айналып кеткен. Біз «оянып» алып, бір ойынды бастап жібердік. Баланың шынашағындай ғана бір темірді тауып алып, соны алма-кезек жасыратын болдық. Ойын қызды. Темірді жасыру мәртебесі маған тиді. Мен ұзақ ойланбастан аузыма сала салдым. Салдым да, үнім өшіп, көзім баданадай болып, не істерімді білмей отырып қалдым. Өйткені әлгі темір лып етіп өңешімнен өтіп кетті. Жұтып қойыппын. «Ұйықтап» жатқан бала-шаға өре түрегеліп, «ата, апа» деп шу-шу етіп, мән-жайды тиісті орынға жеткізді. Содан ел-жұрт болып мені емдеуге кірісіп кетті, «үстемелеп тамақ беру керек» деді біреулер, атам мен апам екі жақтап тамақ жегізді. «Ең дұрысы май ішкізу» деді басқалар, атам мен апам май ішкізді маған. «Мақта жегізіңіздер!» деді тағы бір ақылмандар, мақтаны жей алмадым, шыны керек. Әйтеуір, ақыр соңында, сол нан мен майдың, көженің арқасында ішімдегі темір түсіп, бір жасап қалдық үй-ішімізбен.

Енді әңгіменің желісін қайтадан аталмыш күн тәртібіне бұратын болсақ, атамның «алдымен жұмыс, содан кейін ойын-сауық, демалыс» деген қағиданы ұстанғанын айтқым келеді. Мен кезінде футбол десе, ішкен асымды жерге қоятынмын. Әлемге әйгілі футболшы болу менің асқақ арманым еді. Соны білетін атам «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, қозы өсірген озар» деген сөзді ескерді ме, қайдам, мені футбол ойнауға жібермес бұрын қора-қопсыны тазалау, апам отын-суды дайындап беру, малдың жем-шөбін беру сияқты, бірқатар жұмысты жүктейтін. Содан соң, оның тыңғылықты орындалғанын талап ететін. Жұмысыңды тындырып, сабағыңды оқып болсаң, емін-еркін добыңды тебе бересің, ал егер бұлардың бірі орындалмай қалса, футболдан қағылдым дей бер. Менің өзімнің уақытыма, жұмысыма деген талапшылдығымның негізі сол кезде осылай қаланғанын қазір анық түсінемін.

Әрине, баланы тәрбиелегенде әрбір ата-ана оның білімді, еңбексүйгіш, ақылды болғанын қалайды. Атам баланың психологиясы туралы қалың кітаптар оқымаса да, оның келешегіне қандай қасиеттер қажет екенін білген деп сеніммен айта аламын. Өйткені ол кісі өмірдің мектебінен өтіп, ыстық-суықты көріп, әбден шыңдалған. Ақыл, тәрбие, еңбек, білім өте маңызды, әйтседе жігіт үшін ерік-жігер мен табандылықтың орны бөлек. Сондай ерік-жігерді тәрбиелеу сабағын көктемнің тамылжыған бір күнінде сегіз-тоғыз жасымда алдым. Жылдағы әдетімен атам үйдегі малдың барлығын жайлауға жіберді. Бір тайдан басқасын. Бақшаның жерін айдатып тастады. Содан соң, іргелес отырған бір ағайымды шақырып кел деп бұйырды. Ол бауырым жасы жиырмаларға келіп қалған жігіт. Менің қаперіме ештеңе кіріп шыққан жоқ, тайды сол ағайым үйретеді екен, мен қызықтап қарап тұрады екенмін деп ойлады. Қайдағы! Атам әлгі тайды бақшаның ортасына әкелдірді, ағайым оның құлағын басып ұстап тұрды. «Мін» деп бұйырды атам, мен «шынымен маған айтып тұр ма» деп таңданып, жан-жағыма қарадым. «Мін деймін» деп қайталады атам.

Осыған дейін тай үйреткен тақымы босаңдау жігіттердің құлағандарын сыртынан көріп, жүрегім шайлығыңқырап қалған болатын. Өгізге туған күн, бұзауға да туады демекші, ойнақтаған тайды жуасыту бақыты маған да бұйырды. Еш зауқысыз, асықпай, уақытты мейлінше созып, жақындадым, үзеңгіге аяғымды салып, тартылып міндім. Ағайым тайды еркіне қоя берді. Сол-ақ екен тайым кетті дейсің, мөңкіді келіп, мөңкіді. Оны тоқтату деген қайда, бой беретін емес, «қазір мынау лақтырса, біттім, одан да өзім құлап, құтылайын» деп шештім. «Жаңа қопсытылған жер жұмсақ қой» деген оймен ыңғайланып, құлай кеттім. Атам былайғы кезде сабырлы болғанымен, ашуланғанда өзін тежемейтін. Қолындағы таяғы иегіндегі шоқша сақалымен бірге шошаңдайтын. «Мін, кәне, қайтадан. Осыдан енді құлап көр, мына таяқ арқанда ойнайды» деді бар денесімен селкілдеп. Атамның мінезіне әбден қанық болған мен, әлгі тайға қарғып міндім де, жабысып алып, қаттым да қалдым. Ағайым қашаны ашып, ауладан шығарып жіберді. Сол кеткеннен мол кетіп, тайдың сілесін қатырып, жуасытып алып келдім. Атама деген өкпем қара қазандай. «Мені құлағанда басымнан сипамады, бір жерін майып қылады деп есіркемеді» деген ренішімді баса алмай жүрмін. Атама қарап қоямын, ол кісі түк болмағандай, риза кейіппен күрең шайын ұрттап отыра берді.

Біздің үйден қонақ арылмайтын. Атамның кең пейіл құшағы мен апамның мол дастарқаны алыс-жақын туысқа да, көрші-көлеңге де, еш туыстығы жоқ мүсәпірге де дайын тұратын. Қонақ келгенде біздің қолымызға құмған мен орамал бергізіп, үлкендердің қолына су құйғызатын. Қонақтар кететін мезгілде, олардың сырт киімін, аяқ киімдерін кигіздіріп, қызмет қылуды үйрететін. Бұл кішіпейілдік, қамқорлық сабақтары екен. Апам маған «осы қасиетің атаңа тартқан» десе, мерейім өсіп қалады, өйткені ол кісінің мінезінің жақсы қырлары көп болатын. Соның бірі білімге, оқуға деген құштарлығы. Өзі өмірден өтетін шағында біраз уақыт төсек тартып жатып қалды. Сол кезде мені қасына отырғызып қойып, батырлар жырын, Абайдың, Жамбылдың өлеңдерін дауыстап оқытатын. Қазір ойлап, таразылап отырсам, өзі ауыр халде жатқан адамға өлеңнің де, жырдың да қызығы жоқ екен. Оның үстіне сол жырларды атам жатқа білетін. Дені сау күндерінде ол жырларды құйтабақтан-ақ тыңдай беретін. Маған оқытуының себебі бала жасымнан оқуға деген құмарлығымды оятып, көкейіне токи берсін деген ойы екен. Атам соңғы демі таусылып, өмірден өткенше маған өзінің түйгенін, білгенін сіңіруге бар ынта – ықыласын салыпты.



**Бейсен
ҚҰРАНБЕК**

БІЛСЕМ, ҮЙРЕНСЕМ, МАҚСАТЫМА ҚОЛ ЖЕТКІЗСЕМ...



Ахмет АЛЯЗ

АТАЛҒАН АЙДАР БОЙЫНША СІЗДЕРМЕН АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАЖЕТ КӨПТЕГЕН ТАҚЫРЫПТАРДЫ ТАЛҚЫЛАЙТЫН БОЛАМЫЗ. ӨЗДЕРІҢЕ ҚЫЗЫҚТЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ӨМІРІҢЕ ҚАЖЕТ ДҮНИЕЛЕРДІ САРАПҚА САЛАМЫЗ. ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ, АТА-БАБА ДӘСТҮРІМІЗДІ, ҮЛКЕНДЕРДІҢ ТӘЖИРИБЕСІН, БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІН ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҰСТАНЫМДАРЫМЫЗДЫ БАСТЫ НАЗАРДА ҰСТАЙМЫЗ. БІЗГЕ КЕРЕГІ – БІЛУ, ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ. ОСЫ ЖОЛДА ЕРЕКШЕ ҚҰШТАРЛЫҚПЕН ТАЛПЫНАМЫЗ. ОЛАЙ БОЛСА, АЛҒАШҚЫ ТАҚЫРЫБЫМЫЗҒА КӨШЕЙІК.

ҮЙРЕНУ: Абай атамыз жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу

сондай құштар болып тұрады. Ал жас өскен сайын үйренуден жирене бастайды. Жүйелі және мақсатты түрде үйренуді қойып күнделікті көріп жүрген нәрселерді ғана назарында ұстайды да қояды. Күнкөрістің қамы барлық жан-жақтылыққа мән бергізбей, өзіне тәуелді етіп алады. Осылайша әр саланың маманы өз шеңберінде ғана қалып, шектеулі біліммен ғана өмір сүреді. Өйткені ол көп білімді болуды қажет етпейді.

Алайда егемен еліміздің ертеңі біздер болатын болсақ, ел сенімін ақтайтын тұлға болуды армандасақ, өз болашағымызға сеніммен қарайтын болсақ, болашақта жақсы өмір сүруді ойлайтын болсақ, онда, үйренуден еш қашан жалықпауымыз керек.

Адам дүниеге келгенде әлсіз болып келеді. Сөйлей алмайды, жүре алмайды, тамақ іше алмайды. Аң-құстар болса, туа салысымен әке-шешесімен бірге бірден балық болса жүзе бастайды, құс болса ұша бастайды. Жылқы болса жүгіре бастайды. Адам баласында мұндай қабілет жоқ. Дегенмен адамға Алла Тағала ерекше қабілет берген. Ол – ақыл.

Ақылының арқасында адам баласы құстанда биікке ұша алады. Балықтан да терең жүзе алады. Жылқыдан да жылдам (көлікпен, ұшақпен, кемемен) жүре алады. Демек, ақыл иесі адамға керегі: мақсатты білім, мақсатты іс және мақсатты нәтиже. Біздер бұл күнге дейін аты аңызға айналған тұлғалардың ғылым-білім жолымен тапқан табыстарының арқасында тыныш әрі рахат өмір сүріп жатырмыз. Мысалы, ғалымдар электр энергиясын,

«Жігітті кедейлікке апаратын үш тамыр: Желкедегі қырсықтық, шынтақтағы мау-бастық, құйрықтағы жалқаулық тамырлары», – дейді Мәшһүр Жүсіп атамыз.

күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі — жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген.

Иә, Абай атамыз айтқан осы білсем екен, үйренсем екен сөзін бүгінгі тақырыбымызға арқау етейік. Адам баласы дүниеге келіп, ақыл-есі кіре бастағанда, үйренуге

автокөлікті, компьютерді, ұшақты, интернетті, телефонды және тағы да сансыз жаңалықтарды аспағанда, өмір біздер үшін қандай болатын еді?.. Жалпы адам және оның өмір сүрген қоғамы дамитын ба еді? Әлбетте дамымас еді. Тіпті үнгірден шықпас еді. Демек, адам баласы не нәрсе болса да, білу керек. Білгенін көңілге тоқып, ісіне жарата білу керек. Біз бұған мақсатты білім, мақсатты өмір және мақсатты нәтиже дейміз. Қане достар, осы үш нәрсені талдап көрейікші:

Мақсатты білім: Білім дариясының адам өміріне керекті тұсын ғана алып, тереңдетіп білу әдісін мақсатты білім алу дейміз. Адам баласының барлық нәрсені білу мүмкін емес, Алланың жаратқан шексіз әлемінің түбіне жету мүмкін де емес. Сол үшін адам өзіне керек нәрсені ғана білсе, мақсатты өмір үшін жетеді.

Мақсатты өмір: Әр адамның ақыл-ойы дамыған сайын өз өмірін реттеуге тырысады. Жақсы өмір сүруді армандайды. Өзіне лайықты мамандық таңдап, өмірлік жарын іздей бастайды. Бақытты болуды армандап, алға қойған мақсаттарын іске асыруға талпынады. Міне, мұны мақсатты өмір дейміз.

Мақсатты нәтиже: Адам күнделікті өмірін белгілі бір мақсатқа жетуге жұмсап, сол жолда ерінбей еңбек етсе, міндетті түрде оның қызығында көреді. Өзі көрмесе де, ұрпақтары көреді. Бір нәрсеге ұмтылсаң, түбі соған немесе одан да жақсы нәтижеге қол жеткізесің. Көздеген мақсатқа, аңсаған арманға жетуді біз мақсатты нәтиже дейміз.

Мақсатты білімді үйрену үшін не істеуіміз керек?

Бұл сұраққа жауап бермес бұрын білім жолында жиі жіберілетін кемшіліктерге тоқталғанымыз жөн болар:

Қалдық жинаудан арылу: Бұл көптеген оқушының байқамай жіберетін кемшілігі. Оқып жатқан сабақтың көпшілігін түсінбеуден туындайды. Әр нәрсенің басын бір шалып отырып, толықтай түсіне алмасақ, басқа білім емес, білімнің қалдықтары кіреді. Толықтай мағлұматқа қанықпаған соң, өкінішке орай, ешнәрсені түсіне алмаймыз. Сонда, біз неге қалдық жинаумен уақытымызды босқа өткізуіміз керек? Артық-тыртық нәрсе бізге ешқашан пайда әкелмейді ғой. Талпынбай, білімімізді әдетімізге айналдыра алмаймыз. Әдет демекші, оның жақсысы бар, жаманы бар. Бізге керегі жақсысы: Демек, қалдық жинағымыз келмесе, аянбай үйрену жолында талпынуымыз керек. Түсінбеген жайттарға қаныққанша, түсінгенше іздене беруіміз керек.

Жалқаулық: Жігітті кедейлікке апаратын үш тамыр: Желкедегі қырсықтық, шынтақтағы маубастық, құйрықтағы жалқаулық тамырлары, – дейді Мәшһүр Жүсіп ағамыз. Қарап отырсаңыз жалқаулық, адамның денесіне байланысты болып көрінеді. Сонымен, денеге жан бітірер нәрсе рух емес пе? Рухтың жоқтығы бізді жалқаулыққа әкеліп соқтырады. Соның кесірінен әлсізденіп қаламыз. Жалқаулықтан арылу үшін, күнделікті ісімізге жоспар құрып, соны міндетті түрде орындауға өз өзімізге серт береміз. Істің басын бір жіберіп алғаннан кейін оған ие бола алмай қаламыз. Ақыры, өмір бойы бақытсыз күндер кешуге мәжбүр боламыз. Бұл жаман әдеттен арылу үшін алдымен, күнделікті аянбай еңбекке ұмтылайық. Өнер немесе спорттың бір түрімен айналысуды өзімізге міндеттейік. Жақсы көретін ісімізді ермекке айналдырайық. Сосын бізді рухтандыратын фильмдер көріп, кітаптар, өлеңдер оқиық, ән шырқайық. Осындай рухымызды ұйқысынан оятатын нәрселермен айналысайық. Тіпті



болмаса, базарға не дүкенге барып бір сатушыға көмектесейік. Сонда жалқаулықтан түк қалмайды. «Кедей болар жігіт еріншек болады», – деген ата-баба сөзін естен шығармайық. Қуатты һәм бай болу үшін рухтанайық.

Ұялшықтық: Адам өзіне жараспайтын іс істегенде ғана ұялуы керек. Одан басқаның бәрі ұялшақтық емес, қорқақтық. Біз сонда неден кімнен қорқамыз. Әрине, қателесуден. Әр нәрсенің дұрыс-бұрысын үйренуге талпынайық. Алайда әр нәрсені дұрыс жасаймыз деп бойымызға қорқыныш сезімін ұялатып алмайық. Білмеудің емес, білуге ұмтылмау адамды ұятқа қалдыратынын естен шығармайық. Ұялшақтықтан түбегейлі құтылу үшін мына бір нәрселерді де есте сақтайық:

Күн сайын алдымызда кездескен кісілермен амандасайық. Бұл жерде танып - танымау маңызды емес. Өзімізді қызықтыратын нәрселерді достарымызға қызықты етіп жеткізуге тырысайық. Күн сайын күлкілі анекдоттар, әңгімелер айтайық. Сонда бір кісінің кемшілігіне емес, оның қылығына күлуді үйренейік. Кез келген бір салада ел мақтанатын іс атқаруға тырысайық. Мойнымыз жар бермесе, актерлік курстарға қатысайық, көпшіл болуға ұмтылайық. Бастысы, қорықпайық.

(Жалғасы бар)

Жұлдыз МАҚАТАЕВ: «Әкем бала көрссе, маңдайынан иіскемей кетпейтін»



Ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері бүгінгі өскелең ұрпақтың кез келгенінің жадында сайрап жатыр. Жасөспірімдерге ойып алып, баға беруіміздің себебін, жылда жыр мұзбалағының туған күніне орай білім ұяларында өтетін кештер дәлелдейді.

Биыл да еліміздің барлық мектептерінде ақынға арналып өткізіліп жатқан шаралар әлі де жалғасуда. Талғар ауданының қоғам қайраткері Т.Рысқұлов атындағы №16 мектебінде өткен кездесу жылдар бойы айтылып жүретін аңызға айналмақ. Қазақ халқының көрнекті перзентінің туған топырағы Рысқұл ауылындағы мектепке ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев пен келіні Бақытгүл Қыдырбайқызы арнайы шақыртудан бас тартпай келгені әкеге деген орасан құрметі, перзенттік парызы екенін шәкірттерге өнеге ете алды.

Мектеп ұстаздары мен оқушылар ақынның өлеңдерін оқып, оның сөзіне жазылған әндерді орындады. Мұқағалидың балалық шағы, ержеткені мен шығармашылық жолын көріністер арқылы көрсетті. Арнау өлеңдерімен сүйсінтті. Кезек Жұлдыз Мұқағалиұлына келгенде, балалар балалық шағы туралы сұрақтар бере бастады.



— Балалар, әкемнің туған күніне орай, қаншама көп дүние әзірлеп, бізге тарту етіп отырсындар. Қандай керемет! Сендердің таланттарыңды шыңдап, тәрбиелеп, білім беріп келе жатқан ұстаздарыңа мың алғыс!

Сендерді менің балалық шағым қызықтырып, сұрақтар қойып отырсындар. Әкемнің балалық шағы туралы қойған шағын көріністеріңді көріп, менің де көзіме жас үйірлді. Сүлеймен атам мен Нағиман әкемнің тұңғыш ұлы—менің әкем. Әкем мен анам Лашын Әлімжановадан алты ұрпақ тарادы. Тұңғышы Ләззат әпкем екен, кішкентай кезінде шетінеп кеткен. Одан кейін Майгүл есімді әпкемнің тағдыры әкемнің шығармашылық шабытын өлең өлкесінің тұңғығына ертті.

— Ағай, Мұқағали атамыздың «Майгүлге» деген өлеңін оқыдық.

— Майгүлден кейін дүниеге мен келдім, Алмагүл, Шолпан есімді қарындастарым бар. Айбар деген інім марқұм болып кетті. Қазір Алмагүл де, мен де зейнеткерміз. Шолпан – әл-Фараби атындағы Ұлттық Университетте оқытушы. Біздің үй 1962 жылы Алматыға көшіп келді. Майгүл екеуіміз №12 мектепке бардық. Тағдырдың жазғаны ғой. Мен 10 жасар шамасындамын. Майгүл жол көлік апатына ұшырады. Бірден ауруханаға алып кетіпті. Екі-үш күн өткенде, әкем мен анам бірін-бір сүйеп үйге келді. Кішкентай әпкем қайтыс болып кетіпті. Әкемнің жүрегі өте жұмсақ еді. Мотоциклмен әпкемді қағып кеткен орыс азаматы 4 баласын әйелімен ертіп біздің үйге келді. Әкемнің аяғына жығылып, кешірім сұрады. Әкем оған кешірім берді.

— Кішкентай кезіңізде әкенізбен еріп жүретін бе едіңіз?

— Әкем өте балажан еді. Бірге келе жатқанда бүлдіршін көрссе, ерінбей қасына барып, маңдайынан иіскейтін. Ауылдағы үйімізде кеңес одағы кезінде таралатын барлық басылымдарды жаздырып алады екен. Үйімізде сонау орталықтан шығатын газет-журналдар бума-бума болып жататын. Ізденуден, қайталап оқудан жалықпаған адам. Есейе келе сол басылымдарды, кітаптарды оқи бастадым. Кітаптардың беттерінде белгілер бар, кейбір тұстарды қарындашпен белгілеп қойған. Адам көп оқыған сайын тіл байлығы дамиды, сөздік қоры байи түседі. Ақын болу үшін тек шабыт аздық етеді. Оған көркемсөз, теңеу, күшейткіш шыраймен өң береді. Та-

рихи оқиғалар желісін тілге тиек етіп, күрделендіреді.

— **Жұлдыз ағай, Мұқағали атамыз 1948 жылы ҚазМУ-дің филология факультетіне түскен. Сіз қай оқу орнын бітірдіңіз?**

— Жарайсындар, балалар! Сендердің сұрақтарыңа жауап бере отырып, өзім де балалық шақта жүргендеймін. Мен де әкем оқыған қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеттің заң факультетін бітірдім. Заң саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шықтым. Міне, қазір әкеме арналған кездесулерде өздерің сияқты жаңа заманның білімге құштар ұл-қыздарымен Бақытгүл апаларыңмен бірге барып жүрміз.

Осы орайда, әкеңіз ақын. Сіз неге ақындық жолды таңдамадыңыз деген сұрақ қойылады-ау деп күтіп едім, дәл үстінен түстім (балалармен қалжыңдаса жауап берді). Мектепте оқып жүрген кезімнен әкем заңгер бол, біздің әулетте заң білетін адам боласың дейтін. Әке сөзін екі етпей, заңгер мамандығын таңдадым. Әкемнен қалған қарапайымдылықты сақтап келемін.

— **Жұлдыз ағай, ақынның баласы өлең жаза ма?**

— Мен күткен сұрақ. Бала кезімде, жас шағымда өлеңге деген шабыт болмады. Тек кейінгі жылдары әкем оқыған кітаптарды оқи бастадым. Әкемнің өлеңдерінен рух алдым ба, кейін ел ағасы жасына жеткенде, қолыма қалам алдым. Жазғандарымды жасырып жүрдім. Біртүрлі мағынасы жоқ, ұйқасы келмейтін сияқты көрінді. Әкемнің замандастары да «Сенің қаныңда ақындық қасиет бар ғой» деп шабыттандырып ала жөнелді. Жазбаларыммен бөліссем, маған баталарын беріп жатты. Ең алғашқы өлеңім туған жерімде шығатын «Хан Тәңірі» газетінде басылды. Өлеңдерім осы күнге дейін Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» газеттерінде басылуда.

— **Бақытгүл апай, сізге бір сұрақ қойсақ бола ма?**

— Балаларым менің, сұрақтарыңды қоя беріңдер.

— **Сіз қай салада жұмыс істейсіз?**

— Мен ақын атамыздың атындағы қорды басқарамын. Қордың мақсаты – атамыздың жарияланбаған қолжазбаларын жинақтап, кітап етіп шығарып, оқырманға ұсыну. Оқырманын оның поэзиямен толық таныстыру. Ақынның «Аманат» жыр жинағы 2000 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бүгінге дейін Мұқағали аталарыңның 13 кітабы бойынша 1834 өлең, 19 поэмасы бар. 100-ден астам өлеңіне әндер жазылды. Өлі де қаншама дүниесі бар. Аталарың кезінде өлеңді қолмен жазған. Сол қолжазбаларын жинақтап, алдағы уақытта өздеріңдей оқырмандарға ұсынбақпыз.

Шәкірттер сұрағына жауап бере отыра, Бақытгүл Мұқағали келіні балаларға ақынның күнделіктерін тарту етті.

Поэзияға арналған әдеби сазды кездесу болғандықтан, мектептің өнерлі ұлдары мен қыздары ақын өлеңіне жазылған әндерді шырқады. Ұстаздар да ақынға арнауларын оқып, әндерін орындады.

Жұлдыз Мұқағалиұлы мен Бақытгүл Қыдырбайқызы шәкірттерге қол таңба жазып, игі тілектерін қалдырды. Балалық шағына оралтқан кездесуді ұйымдастырып, әсерлі өткізе білген кітапханашы Гүлжан Ахметова, педагог-ұйымдастырушы Айман Сәрсембиева, Дария Ербулатова, Жазира Жәмәш, Алмагүл Сәрсенбаева мен ардагер ұстаз, аталған мектепте 25 жыл басқарған Матан Бекбосыновтай ұстаздарға алғысын арнады. Кездесуге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і журналистика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Қарлыға Мысаева, факультеттің студенті, Президент атындағы шәкіртақының иегері Дастан Қастай, аудан мектептерінің кітапханашылары Алмагүл Аубакирова мен Тұрсынхан Қасымжанова қатысты.

Ж.Кучукова




1. Бір автобуста 15 әйел және 22 еркек бар.
1-ші аялдамада 3 үйленгендер жұбы мініп, 5 еркек пен 4 әйел түседі. 2-ші аялдамада автобустан 8 еркек пен 2 әйел мініп, 4 үйленгендер жұбы түседі. Олай болса, ең соңында автобуста неше адам бар екенін табыңыз.

A) 48 B) 44 C) 40 D) 36 E) 30

2.



Жоғарыдағы фигураны көрсетілген бағытта 90°-қа бұрсақ, төмендегілердің қайсысы шығатынын анықтаңыз.




3.



Шаршылардағы сандар белгілі бір заңдылық бойынша орналастырылған. Бос шаршының орнына сәйкес келетін санның берілген сандардың қайсысына қалдықсыз бөлінетіндігін анықтаңыз.

A) 3 B) 5 C) 7 D) 9 E) 11


4. Бөлмеде балалар үшін дайындалған қабырға безендіргіші ілініп тұр. Ондағы ойыншықтардың жалпы салмағы 112 грамм.



Олай болса, оң жақта ілініп тұрған жұлдызшаның салмағын анықтаңыз.


A) 7 грамм B) 6 грамм C) 10 грамм
D) 9 грамм E) 8 грамм

5. Төменде берілген суретте неше шеңбер бар екенін табыңыз.





A) 10 B) 11 C) 12 D) 13 E) 14

6. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін санды табыңыз.




A) 6 B) 8 C) 12 D) 14 E) 16

7. Берілген фигураларды құрастыру арқылы төмендегі жауаптардың қайсысын алуға болады?




8.



Берілген суретте жоғарыдан төменге қарай “САБАҚ” сөзін неше рет құрастыруға болады?

A) 4 B) 6 C) 8 D) 10 E) 3

9. Алдарыңызда «жұп» лабиринті берілген. 11 санынан бастап, сызық бойымен жүріп сандар қосылады. Егер қосындының мәні тақ болса, әрі қарай жүруге болмайды, ал қосындысы жұп болса, әрі қарай жүруге болады. Егер әр саннан бір рет ғана өте алатын болсақ, қосу амалын қатарынан ең көбі неше рет орындай аламыз?



- A) 6 B) 5 C) 4 D) 3 E) 1
10. Әділет пен Асылбек ойын ойнады. Олар берілген сіріңкелер тізбесінен 1, 2 немесе 3 дана сіріңкені өз қалауымен таңдайды. Сіріңкілерді соңғы болып кім алатын болса, сол жеңімпаз атанады. Қазір Әділеттің кезегі. Берілген нұсқалардың қайсысында Әділет міндетті түрде жеңімпаз атанады?



- A) Екі нұсқа да жеңіліске әкеледі
B) II C) I, II D) I E) Дұрыс жауабы жоқ
11. Алдарыңызда көбейту кестесі берілген. $A + B + C$ өрнегінің мәнін табыңыз.

x	A	B	C
6			48
4		C	
0,1	B		

- A) 42 B) 30 C) 28 D) 20 E) 25
12. Сұрақ белгісінің орнына қай санды қою керек?

3	2	
5		6
7	8	

→

4	3	
7		8
9	10	

→

5	4	
?		10
11	12	



- A) 7 B) 8 C) 13 D) 9 E) 10

13. A, B, C, D, E атты бес күдіктінің біреуі кінәлі. Тергеу барысында олардың әрқайсысы төмендегідей жауап берді:



A) Е кінәлі емес. B) C кінәлі. C) B өтірік айтады. D) мен кінәлімін. E) A дұрыс айтады. Жауап бергендердің біреуі ғана шындық айтқан. Шындықты айтқан адамды анықтаңыз.

- A) A B) B C) C D) D E) E


14. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін фигураны табыңыз.



15. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін фигураны табыңыз.



16. Төменде берілген фигураның дұрыс жазбасын анықтаңыз.



Дайындағандар —
АБУТАЛИЕВ ДИАС, ТӨРЕХАН ЕРДӘУЛЕТ

РЕДАКЦИЯДАН: Логикалық ойындардың дұрыс жауабы журналдың келесі санында жарияланады.

Архитектор шеберлігінің сиқыры

Қадірлі достар!

Журналымыздың әр санында «Сен таңдаған мамандық» айдарында таңдаулы мамандық иелері, сол мамандықтың қажеттілігі туындаған дәуір туралы қысқаша мағлұмат беретін боламыз. Мамандықтар сырын ашуға өздерің де атсалысып, бізге пікірлеріңді жазып отырсаңдар, құба-құп.

Алғашқы сендерге ұсынып отырған мамандық — архитектор, сәулет өнері. Сәулет өнері, адамзат пайда болған күннен бастап дамыды. Сәулет өнерінің қанат жайған ортасы — Грекия мемлекеті. Грек архитектурасы біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда күшті дамыған. Одан кейін Италия, Еуропада, шығыста — Үнді елінде дами бастаған. Қазақстанда біздің заманымыздан бұрын I-мыңжылдықта тиграхауда сақтары қоныстанғаннан бері қарай дамып келеді.

Жаңа ғасырда заманауи архитектура ғылым мен техника жетістіктері негізінде ерекше стильде дамып келеді. Соның бір көрінісі — әр елде салынған көпірлер.

Әлем бойынша алып қарағанда, тілмен айтып жеткізу мүмкін емес ғимараттар, сәулет өнері бар екенін білеміз. Сондай шеберлер қолынан шыққан әлемдегі ең керемет көпірлер салынып, адамдарды салыну тәсілімен тамсандыруда. Солардың ішіндегі әлем мемлекеттеріндегі 10 көпірдің суретін ұсынып отырмыз. Оларды Novate жинақтаған.



SanShan —
Қытайдағы көпір



LuckyKnot—
Қытай көпірі



WebbBridge — Австралия көпірі




«Волны Хендерсона» —
Сингапур көпірі

Infinity –
Англиядағы көпір




Storseisundet –
Норвегия көпірі



Малазиядағы аспан көпірі



Roundbridge –
Уругвайдағы көпір



Murinsel—Австриядағы
арал-көпір



Павильон ZaragozaBridge-
Испания көпірі



ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМІНҢ МЫҚТЫ БОЛСЫН

Бүгінгі таңда елімізде оқушыларға экономикалық білім беру қажеттілігі туындағанын ескере отырып, зерек балаларға тұлға болып қалыптасуына, өз тарапымыздан үлесімізді қосу мақсатында шәкірттерге қаржы саласында ақпараттар беруді алға қойдық.

Бұл бастамамызда экономика заңдарының негізін түсіндіру арқылы балалардың бақылаушылық қабілетін ояту, олардың логикасын кеңейту, зеректілігін арттыру, кәсіпкерлік сауаттылығын ояту – басты міндетіміз болып отыр.

Сондай-ақ экономика тарихы, қызметі, нарықтағы сұранысы, пайда табу жолы сияқты тақырыптарды қамту арқылы балалардың ой-санасына лайықтап, толық меңгеруге жол ашу мақсатында біз «ШӘКІРТ ЖӘНЕ НАРЫҚ» айдарын өздеріңізге ұсынып отырмыз.



соң, Еуропада XV ғасырда ғана қолданған. Алғашқы қағаз ақшаны Англия шығарған. Банкнот сөзі ағылшынның «bank note» сөзінен пайда болды. XX ғасырдағы ғылыми-техникалық прогресс ақшаның эволюциясына ықпал етті.

БІЗДІҢ АҚШАМЫЗ ҒҰН ДӘУІРІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН

Сен «Ақша» деп аталатын түрлі-түсті қағаздар мен сылдырлаған тиындардың тарихын білесің бе? Иә, көпшілігің бұған аса мән бермейсің. Олай болса, тыңда.

АҚША – АЙЫРБАС ҚҰРАЛЫ

Ақшаның пайда болуы адамзаттың ең ұлы «өнер табысы» болып саналады. Қоғам дамуымен қатар, тұрмысқа қажетті заттарды жасау қиынға соғып, адамдар материалдық құндылықтармен алмасты, нәтижесінде, айырбас құралы – ақша пайда болды. Олар: тастар, зығыр маталар, күріш дәндері, бағалы металдар.

Алғашқы ақша Лидия мемлекетінде пайда болғаны туралы деректер ежелгі грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде жазылған. Осы деректі қазіргі заманғы зерттеулер біздің дәуірімізге дейінгі 680 – 686 жылдары алғашқы ақшалар Ардизе патшаның заманында алтын мен күмістің қоспасынан (электрум) жасалғанын дәлелдеп отыр. Біздің қолданысымыздағы «монета» сөзі Рим жерінен бастау алады. Монеталар алғаш рет б.з.д. VIII – VII ғасырларда Грекияда қолданылған. Б.з.д. VII ғасырда ежелгі Қытайда ақша айналымы болғандығын тарих бізге жеткізген. Б.з.д. V ғасырда парсы патшасы Дарий елдегі айырбас сауданы темірден құйылған ақшамен алмастырған. Алайда аталған ақша түрлері қолданыстан Александр Македонский (б.з.д. IV ғ.) кезінде алтын құймалардың шығуымен ығыстырылған.

Заманауи қолданыстағы қағаз ақшалар ең алдымен, VIII ғасырда Қытайда пайда болғанын Еуропаға 1286 жылы саяхатшы Марко Поло зерттеулерінде жеткізген. Нақтырақ деректе алғашқы ақша б.з. 806 жылы пайда болған. Қағаз ақшаны Иоганн Гуттенберг баспа тақтасын ойлап тапқаннан

Қазақстан аумағында болса, алғашқы ақша ғұндар дәуірінде пайда болған, бір бетінде пехлеви, екінші бетінде эфталит (түркі-руни) жазуы бар теңгелер б.з. V – VI ғғ. сауда айналымына кіргізілген. Қазақ халқын құраған негізгі тайпалар түркілер Ұлы Жібек жолына орналасқандықтан, VI – VIII ғасырларда билеуші рулардың таңбасы қашалған, ру рәмізін бейнелеген теңгелер құя бастаған. Сырдарияның орта алабында өмір сүрген тайпалардың қола теңгелері, VI – VIII ғасырлардың I-жартысына дейінгі аралықта қолданылған. Бұл теңгелерде Ашиде әулетінің рәмізі болған арыстан бейнеленген. Мұндай теңгелерді Суяб, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда құйған. Сонымен қатар Отырар маңындағы қалаларда да түрлі теңгелер жасалған.

Біздің заманымыздың 704 – 766 жылдары Таразда құйылып, айналымға енген теңгелердің бетінде «Түргеш қаған теңгесі» немесе «Түркінің көк ханының теңгесі» деген анықтама жазулар бар. Монғол жаугершілігінің алғашқы кезінде (1220 – 1250 жж.) Қазақ жерінде жалпы сауда қатынасы құлдырап кетті. Соның салдарынан ақша қатынасы да тоқтады. Ақыры, монғол билеушілерінің бас пайдасы үшін, халықтан купчур салық жинап, хан қазынасын толтыру үшін 1251 жылғы Құрылтай шешімімен алтын динарлар шығарыла бастады. Бүгінгі төл теңгеміздің тарихы әріден басталады екен.

Дайындаған — Дос АМАН

Қадірлі оқырман!
Алдағы уақытта сендермен
шағын экономикалық талдау-
ларға көшеміз.

Латын әліпбиі

ҚАНЕ, ЖАЗЫП ҮЙРЕНЕЙІК!

Абырой

Аңыз

Ауыз сырнай

Ахуал

Аманат

Атқосшы

Алтын

Атажұрт

1. Аманат өскенде

абыройлы

азамат болуды

армандайды.

2. Сәлім ата

немерелеріне аңыз

айтқанды ұнатады.

3. Айша ауыз

сырнай аспабында

жақсы ойнайды.

Әуежай

Әшекей

Әзіл

Әсемпаз

Әулет

Әмбебап

Әлеует

Әкімшілік

1. Қанат пен Талғат

әуежайда жаңа

бейнебаян түсірді.

2. Ұлттық

мұражайда

Халықаралық

деңгейде әшекей-

лер көрмесі өтті.

3. Асанның барлық

достары әзілге әуес.

Abyroi

Añyz

Aýyzsyрнаi

Ahýal

Amanat

Atqosshy

Altyn

Atajurt

1. Amanat óskende

abyroily azamat

bolýdy armandaidy.

2. Sálím ata ne-

merelerine aңыз

aitqandy unatady.

3. Aısha aýyz syrnaı

aspabynda jaqsy

oinaidy.

Áýejai

Áshekeı

Ázil

Ásempaz

Áýlet

Ámbebar

Áleýet

Ákimshilik

1. Qanat pen Talgát

áýejaida jańa beıne-

baıan túsirdi.

2. Ulttyq murajai-

da halyqaralyq

deńgeıde áshekeıler

kórmesi ótti.

3. Asannyń barlyq

dostary ázilge áyes.

№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]
2	A' a'	[ə]
3	B b	[b]
4	D d	[d]
5	E e	[e]
6	F f	[f]
7	G g	[g]
8	G' g'	[ɣ]
9	H h	[x], [h]
10	I i	[i]
11	I' i'	[ɨ], [ɤ]
12	J j	[ʒ]
13	K k	[k]
14	L l	[l]
15	M m	[m]
16	N n	[n]

Балауса

Бәтима

Баяндама

Басқарма

Баспана

Бойжеткен

Бүлдірген

Бағбан

1. Балауса бала тілі бал

екенін тағы бір дәлелдеді.

2. Шетелдік қонақтар

Бәтима әжейдің

бауырсағынан дәм татты.

3. Болат бүгінгі

конференцияда қызықты

баяндама оқыды.

Данагөй

Думан

Дыбыс

Дауылпаз

Дүние

Дәулет

Даңқ

Деңгей

1. Құдиярбек ата данагөй-

лігі мен де дара тұрады.

2. Даяна думан-сауықты

мүлде ұнатпайды.

3. Саз сырнай дыбысын

естіген Сәуле елең ете

қалды.

№	Жазылуы	Дыбысталуы
17	N' n'	[ɳ], [ɳɣ]
18	O o	[o]
19	O' o'	[ɵ]
20	P p	[p]
21	Q q	[q]
22	R r	[r]
23	S s	[s]
24	S' s'	[ʃ]
25	C' c'	[tʃ]
26	T t	[t]
27	U u	[ʊ]
28	U' u'	[ʉ]
29	V v	[v]
30	Y y	[ɣ]
31	Y' y'	[ɣʲ]
32	Z z	[z]

Balaýsa

Bátıma

Baıandama

Basqarma

Baspana

Boıjetken

Búldirgen

Baǵban

1. Balaýsa bala tili bal ekenin

tagy bir dálel dedi.

2. Sheteldik qonaqtar Bátıma

ájeıdiń baýyrsaǵynan dám

tatty.

3. Bolat búgingi konfer-

entsıada qyzyqty baıandama

oqydy.

Danagóı

Dýman

Dybys

Daýylpaz

Dúnıe

Dáýlet

Dańq

Deńgeı

1. Qudıarbek ata danagóıligi

men de dara turady.

2. Daıana dýman-saýyqty

múlde unatpaıdy.

3. Saz syrnaı dybysyn estigen

Sáýle eleń ete qaldy.

Дайындаған — Жұлдыз ӘБІЛ

Елімізде білікті де білімді, зеректі де зерделі, талантты да дарынды жастардың қатары көбейіп келеді. Солардың ішінде замандастарынан ілгері дараланған Абзал Мырзааштың есімін айрықша атаймыз.

Елбасының ілтипатына бөленген Абзал



— Елбасы Астанада өткен Республикалық Жастар форумында сені мақтап, үлкен үміт күтетінін айтты. Кездесуден алған әсеріңмен, алдағы жоспарларыңмен бөліссең?

— Жастар форумынан үлкен әсер алып қайттым. Әрине, мұндай тарихи сәтке куә болу әрбір жас үшін зор қуаныш дер едім. Форумда жастардың мүддесіне басымдық беріліп, олар өздерінің жобалары мен жоспарларын ортаға салды. Мен де өзімнің екі жобам туралы айттым. Оның бірі – «ABZALalphabet» деп аталатын өзімнің қазақ латын әліпбиіміңнің нұсқасы, ал екіншісі – осы әліпбиге арналған өзім жасаған кириллицадан латиницаға аударатын конвертер-бағдарламам. Бұл арқылы 1 минутта 1200-ден астам кітапты аударуға болады.

— Абзал, алдымен, өзің жайлы, өзіндей перзентті тәрбиелеп отырған отбасың жайлы толығырақ айтып өтсең?

— Рақмет! Жақсы. Мен 2005 жылдың 19 наурызында Алматы қаласында, дәрігерлер отбасында дүниеге келдім. 1-ші сыныпқа 5 жасымда бардым. 3-ші сыныптан кейін мен бір жылда екі сыныптың бағдарламасын игеріп отырғандықтан, мектепті 7 жылда аяқтадым. Үздік оқудың нәти-

жесінде сегіз пәннен Республикалық және Халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болдым. 2017 жылы Алматы қаласының нөмірі 136-шы мектеп-гимназиясын үздік бітірдім. 12 жасымда Қазақ-Британ техникалық университетіне мемлекеттік грантпен оқуға түсіп, студент атандым. Қазір Қазақ-Британ Техникалық Университетінің Ақпараттық Технологиялар факультетінің 2-ші курсына жеделдетілген бағдарламамен оқимын.

Біз отбасымызда бесеуміз. Әкем Дәуренбек Мырзашұлы Нысанов медицина ғылымдарының кандидаты, PhD докторы, бұрын А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында кардиохирург болып жұмыс істеген, қазір «DM MED GROUP» медицина орталығында дәрігер-кардиолог, 70-ке жуық жарияланған ғылыми еңбектері бар, кардиохирургия саласында үш бірдей өнертапқыштық патенті, бір монографиясы бар. Анам Жазира Жармағамбетқызы Доскеева дәрігер-кардиолог. Өзімнен кіші інім және қарындасым бар. Екеуі де мектепке бес жасында барған. Інімнің аты Сұлтан, 12 жаста, 8-сыныпта оқиды. Қарындасымның аты Інкәр, 10 жаста, 6-сыныпта оқиды. Екеуі де үздік оқушы.

— Әкең сенің қабілетінді екі жасыңда байқаған екен. Көп кітап оқудан кейде жалығып кететін

кезің болған шығар?

— Иә, оныңыз рас. Әкем менің оқуға қызығушылығымды арттыру үшін барлық жағдайды жасады. Ата-анам екеуі де дәрігер болғандықтан, менің уақытылы толыққанды, рационалды тамақтануыма, жас мөлшеріме қарай ұйықтауыма, таза ауада көбірек жүруіме және белсенді қимылдардан тұратын қызықты ойындар ойнауыма көп көңіл бөлген екен. Қазір де сондай тәртіп сақталған. Мен кітап оқудан жалыққан емеспін.

— Мектепте сүйікті пәнің қандай еді? Пәнге қалай қызықтың?

— Маған жаратылыстану ғылымдары ұнайтын. Қызыққаным соншалық, математика, физика, химия, биология пәндеріне қатысты мектеп бағдарламасынан тыс оқулықтарды оқуға құмартатынымын. Дегенмен мектепте барлық пәндер маған қызық болған еді. Себебі жаңа нәрселерді білгім келіп тұратын. Оның үстіне әртүрлі пәндерден Республикалық және Халықаралық олимпиадаларға қатысу мен үшін маңызды болды.

— Абзал, сенің әрбір жетістігіңе қуанып отырамыз. Әу бастан қатарыңның алдысың. Бос уақыт қалдырмай сабаққа дайындалу, іздену достарыңмен ара-қатынасыңа әсер етпеді ме?

— Рақмет! Бұл менің достарыммен ара-қатынасыма ешқандай кері



Абзал мен Димаш

әсерін тигізген жоқ. Керісінше, достарым менің әрбір жетістіктеріме қызығушылық білдіріп, әртүрлі тақырыпта менімен әңгімелесуді ұнатады, бірге волейбол, футбол ойындарында бір командада болғанды қалайды.

— Ересек адамның ойымен ойлау сенің таным-көкжиегіңнің тең екенін білдіреді. Алайда бұл сенің балалық шағыңды ұрлаған жоқ па?

— Көп адамдар мені күндіз-түні кітаптан бас алмай оқитындықтан, балалық шағы жоқ деп ойлайтын болар. Мүмкін, сырт көзге солай көрінетін шығар. Бірақ көбінесе өзіммен жасты

балалармен бірге жүріп, бірге әртүрлі ойындарды ойнаймын. Өзіммен тетелес інім Сұлтанмен бірге ролик тебуді, мұз айдынында коньки тебуді, компьютер ойындарын ойнағанды, тіпті алысып-жұлысып ойнағанды да жақсы көремін. Сұлтанмен спорттық секцияларға да бірге барамыз, бокспен шұғылданамыз. Балалық шағым өте қызықты өтуде десем де болады.

— ҚБТУ-да сенен жасы үлкен курстастарың өздерін сенімен қаншалықты тең ұстайды?

— Бізде топқа бөлінбейді, сондықтан курстас деп айтады. Жеделдетілген бағдарламамен 3-курстан сабақ алып, оқып жатқандықтан, сол курстан да курстастарым бар. Негізі, мен университетте бірге оқитын студенттер арасынан бөлектенгендерді көрген емеспін. Керісінше, бәрі менімен тең дәрежеде араласуға тырысады. Барлығымен дос ретінде жақсы араласамын.

— IT мамандығын таңдауыңның себебі неде? Сен бұл салаға қандай жаңалық не өзгеріс әкелер едің?

— 10 жасымнан бастап, мамандық таңдауға кіріскен болатынмын. Әрине, көптеген салаларға қатысты мамандықтар көп, солардың арасынан өзіме таңдау жасау оңай болған жоқ. Бірақ сол кездері ғаламтордан ақпараттық технология, нанотехнология және жасанды интеллект ту-

ралы ақпараттармен танысқан соң, болашақта ақпараттық технология саласының маманы боламын деген шешімге келдім. Білімімді жетілдіргеннен кейін, IT саласы мен нанотехнологияны ұштастырып, адамзаттың өмірін жеңілдететін жаңалықтар ашқым келеді. Сонымен қатар, өз Отанымда компьютерлік техниканы және оны жабдықтайтын құралдарды, робототехниканы, нанороботтарды жасайтын үлкен кәсіпорын ашқым келеді.

— Латын қарпіне қатысты өз нұсқанды ұсындың. Бұл идея саған қалай келді? Оның артықшылығы қандай? Толығырақ айтып өтсең?

— Ең алғаш Елбасымыз 2017 жылдың сәуір айында қазақ тілінің латын қарпіне көшуі туралы айтып еді. Соны естіп, мен де өз латын әліпбиімнің нұсқасын жасауға кірістім. Айта кететін ең басты мәселе, 22.06.2017 – 15.07.2017 жылы яғни, 23 күннің ішінде мен компьютердің пернетақтасына лайықтап Қазақ-латын алфавитіне қатысты диграфтар арқылы 4 бірдей жаңа нұсқа жасап бітірген едім. Соның ішінде бірінші нұсқамды 29.06.2017 жылы жасап біткен соңлатын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі «ABZALphabet» деп атаған болатынмын. Осы «ABZALphabet»-деп аталатын бірінші нұсқама өткен жылы авторлық куәлік алдым. Ал оның басты айырмашылығы – диграфтық тәсілмен латынның 26 әрпінен құралғандықтан, қосымша арнайы клавиатура жасаудың қажеті жоқ. Сондықтан стандартты ағылшын клавиатурасын пайдаланып, әлемнің кез келген түкпірінен қазақша жазуға өте ыңғайлы. Яғни қай мемлекетте жүрсеңіз де керекті ақпараттарды қазақ тілінде жазуға, оқуға, қабылдауға, немесе жолдауға болады.

— Абзал, әңгімеңе рақмет! Сенімен әңгімелесіп отырып, айтқан салмақты да салиқалы ойларың мардымды арман-мақсатың мен нақты жоспарларың көп жастарға үлгі болатынына сенемін. Алдағы уақытта биік белестерден көрінуіңе шын жүректен тілектеспін.

Сұхбаттасқан — Жұлдыз ӘБІЛ,
«FSH» тілшісі

Жанкештілік емей немене?

Еліміздің әр түкпірінде, әсіресе, қыс айларында тұрғын үйлерден өрттің шығуы жиілеп барады. Көп жағдайда атан-аналар балаларын үлкендерсіз қалдырып, жұмысқа, дүкенге, базарға кетіп қалады. Үйдің өртке қауіпсіздік жағдайын жаз айларында ойлап, реттеп алмайды. Соның салдарынан электр сымдарынан, пештен және балалардың сіріңкемен ойнап, от жағуының соңы өкінішті жағдайларға ұрындыруда. Өрт шыққанда үйдегі кішкентайларды құтқаруға үлкендермен парапар жасөспірімдер, мектеп оқушылары араласуда. Кішкентайлар өз өмірін ойламай, бұлдуаршындырды лапылдаған өрттен алып шығып, құтқарып қалуда.

Міне, осындай жүрек жұтқан ұландардың ерлігі үнемі ел аузында. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар Департаменті батыр балаларды назардан тыс қалдырмай, марапаттап келеді.



БАҚЫТЖАН



«ОЙЛАНУҒА УАҚЫТ БОЛМАДЫ»

Шымкенттік Бақытжанның ақпандағы ерлігі бүкіл елге тарауда. Көршісі Арайдың жанұшыра көмек сұраған дауысын естіген Б. Құдайқұлұлы жан-жағына бұрылмастан, өртеніп жатқан үйге қарай бет алды. Ол Арайдың кішкентай бауырлары барын білетін. Абырой болғанда, Бақытжан екі нәрестені оттан аман алып шығады. Бұл жөнінде бала батыр былай дейді: «Арайдың дауысын естіген бойда үйге кіріп бардым. Қою түтін аралас өрт ішінде бір бұрышта көршімнің 6 жасар қызы мен 3 жасар ұлы қатты қорқып жүре алмай отыр екен. Жарақат алған қолыма қарамастан дереу біреуін көтеріп, екіншісін жетектеп қауіпсіз аймаққа алып шықтым. Су беріп, құтқару шараларын жасадым. Қайғылы жағдайдың алдын алуыма мектеп қабырғасында өрт қауіпсіздігі туралы оқып-үйренгендігімнің пайдасы тиді».

Балаларды құтқарып алған соң 13 жасар жаңа заманның жас қаһарманы анасына хабарласып, «101» қызметіне хабарласуын өтінген.

Қалалық ТЖД басшысы Нұрболат Дербісов батыр ұлды арнайы Алғыс хатпен марапаттады сондай-ақ «Ерлігі үшін» медалімен марапаттау үшін еліміздің ІІМ атына және арнайы алғыс хатпен марапаттау үшін қалалық әкімдікке ұсыныс жолдады.



ҒАЛЫМЖАН

ОЛАР ЕРЛІК ЖАСАДЫҚ ДЕМЕЙДІ

Апаттан адам өмірін құтқаруды парыз санаған жасөспірімдер өткен жылдары да өрттен бүлдірішіндерді құтқарып, туған жерінің батыры атанып жүр. «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісінің иесі 2004 жылы туған Данияр Сатыбалды жекеменшік тұрғын үйдегі өрттен 2007 жылы туған Гүлмира, 2008 жылы туған Динара мен 2012 жылы туған Дамирді өрт құрсауынан алып шығып, құтқарды. Сол сәтте ересектерден ешкім болмаған. Өрт салдарынан бөлмелер түтінге тола бастаған. Сол арада Данияр өрт сөндірушілер келем дегенше, терезенің әйнегін сындырып, бауырларын осы терезе ойығы арқылы сыртқа алып шығып, тілсіз жаудан құтқарып қалады. Ең соңынан терезе арқылы өзі шығып жатқан сәтте сол жақ жамбасынан жарақат алады. Данияр Алматы қаласы, Алатау ауданындағы №152 мектеп-гимназияның оқушысы. Оқига 2015 жылдың қараша айында болған.

Маңғыстау облысының Бейнеу ауылында 2016 жылы 7 қарашада жекеменшік тұрғын үйде болған өрттен 4,5 және 6 жастағы бүлдірішіндер құтқарылды. Балаларды Ж.Қалдығараев атындағы орта мектептің оқушысы Ғалымжан Күзембаев құтқарып қалды. Осыдан кейін Ғалымжан өрт сөндіруші мамандығын таңдаған.

Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласында 3-сынып оқушысы Ұлдана Совет Тәуелсіздік күні қарсаңында Төтенше жағдайлар комитетінің Алғыс хатын алды. Ұлдана 2017 жылы желтоқсан айында өзінің бауырларын өрттен аман алып шыққан еді. Бүгін Ұлдана мен анасы үшін ерекше күн. Батыр қыз: «Бұл – ерлік емес, менің бауырлық міндетім», – дейді.

2018 жылы маусым айында Маңғыстау облысындағы Сайын Шапағатов ауылында тұратын 13 жастағы бала «Төтенше жағдайдың алдын алуға қосқан үлесі үшін» медаліне ұсынылды.

Дархан Әмірхан отқа оранған үйден 4 бауырын алып шығып, ажалдан құтқарып қалған. 7-сыныпты бітірген Дарханның анасы сол түнгі кезеңілікте, ал әкесі істен шыққан көлігін жөндеу үшін жұмысына кетеді. Өзінен кейінгі 4 бауырына бас-көз болып қалған ол, түнгі екілер шамасында тілсіз жаумен жалғыз арпалысуға мәжбүр болады. Жанып тұрған майшам жерге құлап, балалар жатқан бөлмеден өрт шыққан.



ДАНИЯР



Farabi shakirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН БАСЫЛЫМ

Весна пришла!

С наступлением весны природа пробуждается ото сна. После морозов нам особенно приятно видеть лучи солнца и появляющуюся на деревьях зелень. А еще весной приходят праздники, которые делают это время года интересным вдвойне.

«Этот день может стать ярким праздником милосердия, дружбы и любви всех казахстанцев друг к другу»

НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ

1 марта мы празднуем День благодарности. Впервые этот праздник начали отмечать в 2016-м году. Главные цели празднования этого дня – воспитание у нового поколения чувства толерантности, уважения друг к другу и укрепление межнациональных уз в нашей стране.

8 марта – Международный женский день. Этот день приобрел свое значение в 1908-м году, когда в городе Нью-Йорке состоялся митинг о равноправии женщин. На территории СССР официально этот праздник был утвержден в 1966-м году. До сих пор во многих странах мира, в том числе и в Казахстане в этот день мы отмечаем Международный женский день.

21-23 марта – день весеннего равноденствия, в который мы празднуем замечательный праздник Наурыз. Этот праздник поистине является общенациональным, так как его, наряду с казахами, празднуют все, проживающие в Казахстане национальности и народности. Этот день является праздником и у многих других стран мира: люди ходят друг к другу в гости и готовят праздничное блюдо – Наурыз коже.

РЕЦЕПТ НАУРЫЗ КОЖЕ

НАУРЫЗ КОЖЕ - ЭТО ТРАДИЦИОННОЕ БЛЮДО, КОТОРОЕ ГОТОВЯТ НА ПРАЗДНИК ВЕСЕННЕГО РАВНОДЕНСТВИЯ - НАУРЫЗ. КАЖДАЯ ХОЗЯЙКА ГОТОВИТ ЭТО БЛЮДО ПО-СВОЕМУ, ПРИДАВАЯ ЕМУ ИЗЮМИНКУ, ОДНАКО ВСЕ РЕЦЕПТЫ ОБЪЕДИНЯЕТ КОЛИЧЕСТВО ИНГРЕДИЕНТОВ. ИХ СЕМЬ. ПРЕДЛАГАЕМ ВАМ НАИБОЛЕЕ РАСПРОСТРАНЕННЫЙ РЕЦЕПТ НАУРЫЗ КОЖЕ.

Ингредиенты, которые нам понадобятся:

Мясо и казы - 2 кг, крупа (пшено, перловка, рис, кукуруза или ячмень) - 70 гр (можно добавить несколько видов), лапша - 70 гр, вода - 3 л, курт - 100-150 гр, молоко или айран - 1 л, соль - по вкусу.

Для начала нужно поставить вариться мясо и казы. Варим в подсоленной воде до готовности, не менее 3-х часов. Крупу промыть, замочить в воде и оставить на час. Готовое мясо достать из бульона и порезать на небольшие кусочки. Курт залить небольшим количеством бульона и оставить настаиваться примерно на час. Крупу и лапшу варить в бульоне до полуготовности, далее добавить нарезанное мясо, курт с бульоном и молоко либо айран. На данном этапе важно все время помешивать бульон, чтобы молочные продукты не свернулись. Соль и приправы добавить по вкусу. Когда коже закипит, он готов. Дать немного остыть и подавать лакомство к столу.

Приятного аппетита!



ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ

Считается, что тем, кто попробовал Наурыз коже впервые в этом году обязательно улыбнется удача, а семья будет защищена от бед и будет жить весь год в достатке.

У народов Средней Азии и в Азербайджане главное блюдо называется сумалек, его готовят из проросшей пшеницы. Кроме того, на столе должны присутствовать семь блюд, начинающихся на букву «С» или «Ш».

В Иране и Азербайджане существует давняя традиция красить яйца на Наурыз. В этот праздник принято посещать семь домов, что способствует удаче и процветанию рода.

Существует поверье, что если поест коже досыта, следующий год будет плодотворным, а если попробовать его в семи домах, год будет удачным.

В Турции задолго до празднования Наурыза принято проращивать зерна пшеницы. Молодые ростки подают на стол вместе со сладостями.

Ваш любимый цвет?

Ваш любимый цвет отражает вашу индивидуальность. Он может также рассказать о вашем самочувствии, настроении и даже благосостоянии. Исследования показали, что человек, правильно выбирая для себя цветовую гамму, может увеличить работоспособность, создать комфортную обстановку.

Нижеперечисленные характеристики личности соответствуют 12 цветам. Определите для себя два наиболее предпочтительных цвета и выберите соответствующие им описания.

Если у вас есть наименее предпочтительный цвет, то здесь ситуация будет обратной: этот цвет в наименьшей степени будет соответствовать вашему типу личности.

ЧЕРНЫЙ. Его обычно выбирают люди, уверенные в себе. Это означает, что выбравший его человек всегда стремится к успеху, потому этот цвет нередко называют «цветом достижений». Одновременно с не меньшим основанием он означает готовность действовать, не задумываясь о последствиях и не считаясь с авторитетным мнением.

СИНИЙ. Считается, что синий цвет привлекает консервативных людей с практическим складом ума. Это цвет спокойствия, он нравится тем, кто жаждет мира и комфорта. Уверяют, что людям, предпочитающим синий цвет, можно доверять, а сами они стремятся к организованному и упорядоченному образу жизни. Иногда выбор этого цвета может служить признаком того, что человек чем-то обеспокоен.

КОРИЧНЕВЫЙ. Подобно черному, выбор этого цвета является одним из признаков стремления личности к успеху, а также ее надежности. «Коричневые» люди чувствуют себя комфортно наедине с собой, любят обустраивать свой дом. Иногда выбор этого цвета может указывать на недостаточную самореализацию личности и на ее стремление максимально использовать свои потенциальные возможности.

ЗЕЛЕНЫЙ. Выбор данного цвета не дает возможности однозначно охарактеризовать личность, поскольку такой человек одновременно может быть интровертом и явно заинтересован впечатлением, производимым им на окружающих. «Зеленые» люди любят, чтобы их поступки одобряли и ценили. Иногда они отличаются властным характером или дают советы другим людям, как следует жить.

СЕРЫЙ. Те, кто выбирает серый цвет, обычно отличаются надежностью и в то же время предпочитают сохранять свое «Я» в неприкосновенности. Однако иногда выбор этого цвета указывает на скрытое желание индивидуума производить благоприятное впечатление на окружающих и стремление быть заметным. Поэтому «серые» люди с целью некой моральной компенсации порой рьяно занимаются общественной деятельностью.

ОРАНЖЕВЫЙ. Выбор оранжевого цвета является признаком личности импульсивной и дружелюбной. Его часто предпочитают люди, которые принимают жизнь такой, как она есть. «Оранжевые» люди не волнуются из-за мелочей и склонны видеть во всем

волю судьбы. Это цвет, полный жизни, и люди, которым он нравится, обладают общительным, коммуникабельным характером.

РОЗОВЫЙ. Розовый цвет выбирают обычно люди заботливые и в то же время чувствительные, можно даже сказать, обладающие страстным темпераментом. Любители розового хотят быть в центре внимания, порой в ущерб окружающим. Таким людям нередко кажется, что они лучше всех знают, как должны поступать другие, и они склонны навязывать свое мнение.

ПУРПУРНЫЙ. Пурпурный - мощный цвет, и его обычно выбирают личности творческие, интеллектуальные, предпочитают этот цвет и люди неутомимого, беспокойного склада. Он выбирается теми людьми, которые ищут смысл жизни. Неудивительно, что праздничные одежды священников нередко имеют пурпурный цвет.

КРАСНЫЙ. Красный цвет - как выплеск энергии. Этот цвет чаще всего выбирают чрезвычайно уверенные в себе люди и те, кто остро чувствует жизнь. «Красные» люди стремятся быть победителями, их поведение пронизано духом соперничества. Выбор данного цвета может также указывать на вспыльчивый, а иногда и ненадежный характер.

БИРЮЗОВЫЙ. Загадочный цвет, который символизирует спиритическую энергию и обновление. Это признак выдержанной и уравновешенной личности, обладающей достоинством и осознанием собственной значимости. Иногда «бирюзовые» люди могут выглядеть излишне расслабленными.

Белый. Белый цвет выбирают люди, стремящиеся максимально выразить себя. Это характерный признак тех, кому необходимо собственное пространство для размышлений или экспериментов. «Белые» люди обычно великолепные генераторы идей, но им порой недостает практичности.

ЖЕЛТЫЙ. Этот цвет предпочитают оптимисты. Однако нередко его выбирают люди, стремящиеся к бегству от действительности. «Желтые» могут быть очень энергичными, но это всего лишь кратковременные вспышки активности. «Желтые» люди обожают перемены и порой меняют окружение и вещи без всякой цели, просто ради процесса.


По материалам исследователей
Российского института цвета

АВТОМОБИЛИ БУДУЩЕГО

Электрические автомобили в жизни – это уже не новость, однако производители электромобилей стремительно переходят на развитие электрических спортивных автомобилей. Компания Lotus, которая занимается разработкой таких авто заключила сотрудничество с еще одной крупной компанией Williams Advanced Engineering. Они намерены создать гиперкар под названием Omega, который на одном заряде аккумулятора сможет проезжать до 400 км. По прогнозам экспертов, данный гиперкар будет представлен в среднем через два года.



Полезные изобретения



96-летний физик Артур Эшкин стал лауреатом Нобелевской премии в 2018 году. Он удостоился премии за изобретение оптического пинцета, который позволяет удерживать микроскопические предметы посредством лазерного света. Закончив работу над одним изобретением, он тут же перешел к другому и уже заканчивает разработку устройства, которое способно снизить стоимость электроэнергии. По словам Эшкина, разработанное им устройство в разы уменьшит расходы на электроэнергию и станет необходимым в каждом доме. Физик уверен в том, что его новое изобретение также достойно Нобелевской премии.

РОБОТЫ-ПОМОЩНИКИ

Сегодня роботы выполняют немало функций для того, чтобы облегчить жизнь человеку. Компания Stanley Robotic изобрела роботов, которые будут помогать водителям парковать свои автомобили. Такие роботы будут сами ставить автомобиль так, чтобы сэкономить больше места, т.е. между рядами будет минимальное пространство, поскольку водителям не нужно будет подходить к авто. Робот будет приподнимать автомобиль на несколько сантиметров и перемещать на нужное место. Система находится на стадии разработки, первые испытания будут проведены в августе этого года.



Сколько длится день на Сатурне?



Ученые смогли с точностью исследовать продолжительность дня на всех планетах Солнечной системы, кроме Сатурна. Длительность дня на Сатурне была исследована и ранее, однако результаты всегда были неточными. Современные технологии позволили астрофизикам с точностью рассчитать все данные, и выяснилось, что день на Сатурне длится 10 часов, 33 минуты и 38 секунд. Новые расчеты основывались на изменениях в гравитационном поле, которые вызваны во внутренней части Сатурна. Астрофизики отмечают, что именно это и помогло узнать все с точностью.

Тамила Ибрагимова

SURPRISING FACTS ABOUT WINTER WEATHER

IT SOMETIMES SNOWS WHERE YOU LEAST EXPECT IT.

You wouldn't be shocked to see snow on the ground of Siberia or Minnesota when traveling to those places during the winter months. But northern areas don't have a monopoly on snowfall—the white stuff has been known to touch down everywhere from the Sahara Desert to Hawaii. Even the driest place on Earth isn't immune.

SNOWFLAKES COME IN ALL SIZES.

The average snowflake ranges from a size slightly smaller than a penny to the width of a human hair. But according to some unverified sources they can grow much larger. Witnesses of a snowstorm in Fort Keogh, Montana in 1887 claimed to see milk-pan sized crystals fall from the sky.

A LITTLE WATER CAN ADD UP TO A LOT OF SNOW.

The air doesn't need to be super moist to produce impressive amounts of snow. Unlike plain rainfall, a bank of fluffy snow contains lots of air that adds to its bulk.

YOU CAN HEAR THUNDERSNOW WHEN THE CONDITIONS ARE RIGHT.

If you've ever heard the unmistakable rumble of thunder in the middle of a snowstorm, that's not your ears playing tricks on you. It's likely thundersnow, a rare winter weather phenomenon that's most common near lakes.

SNOW FALLS AT 1 TO 6 FEET PER SECOND.

At least in the case of snowflakes with broad structures, which act as parachutes.

Snow that falls in the form of pellet-like graupel travels to Earth at a much faster rate.

IT DOESN'T TAKE LONG FOR THE TEMPERATURE TO DROP.

Don't take mild conditions in the middle of January as an excuse to leave home without a jacket. Rapid City, South Dakota's weather records from January 10, 1911, show just how fast temperatures can plummet. The day started out at a pleasant 55°F, then over the course of 15 minutes a wicked cold front brought the temperature down to 8 degrees.

THE EARTH IS CLOSEST TO THE SUN DURING THE WINTER.

Every January (the start of the winter season in the northern hemisphere) the Earth reaches the point in its orbit that's nearest to the Sun.

THE SNOWIEST CITY ON EARTH IS IN JAPAN.

Aomori City in northern Japan receives more snowfall than any major city on the planet. Each year citizens are pummeled with 312 inches, or about 26 feet, of snow on average.

WIND CHILL IS CALCULATED USING A PRECISE FORMULA.

When the weatherman reports a «real feel» temperature of -10 degrees outside, it may sound like he's coming up with that number on the spot. But wind chill is actually calculated using a complicated equation devised by meteorologists. The formula reads: Wind Chill = $35.74 + 0.6215T - 35.75(V^{0.16}) + 0.4275T(V^{0.16})$.

<http://mentalfloss.com>

«Nauryz»

Nauryz is official holiday in the Republic of Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Turkmenia, Azerbaijan, Tadjikistan and other countries. During the course of history Nauryz became a symbolic Kazakh New Year in Kazakhstan. Nauryz is one of the most ancient holidays. It is celebrated for over 5 thousand years. Officially, Nauryz was recognized on 15 March 1991 by a Presidential Decree. The President declared 22 March, the day of the spring equinox, a holiday. The name of the holiday «Nauryz» consists of two Old persian words «nau» (new) and «ryz» (day). Nauryz is the day of the revival of nature, awakening it from sleep. This is a very symbolic holiday and, accordingly, many traditions and customs are associated with Nauryz.

Nowadays it is one of the most favourite holidays in Kazakhstan. Kazakhs also often refer to Nauryz as «Ulystin uly kuni» which means «the great day of the nation». For Kazakhs, as well as other people who celebrate Nauryz, the festival is a symbol of spring renewal, the triumph of love, fertility, and friendship. Newborn babies are usually given names derived from the word «Nauryz», for example, Nauryzbay and Nauryzgul.

Before Nauryz begins, people try to clean their houses, plant trees, and plant flowers. It is believed that a generous feast of Nauryz brings the house abundance and success in the coming year. Nauryz is celebrated on March 21 – 23. In ancient times, weather change was treated by people as special signs sent from above. So if it snows in Nauryz, it was considered as a good sign.

The main traditional dish is Nauryz koje. It consists of seven ingredients: water, meat, salt, fat, flour, grains and milk. It is considered to visit 7 houses on the 22 nd of March, which contributes to the success and prosperity.



Nowadays it is one of the most favourite holidays in Kazakhstan. Kazakhs also often refer to Nauryz as «Ulystin uly kuni» which means «the great day of the nation». For Kazakhs, as well as other people who celebrate Nauryz, the festival is a symbol of spring renewal, the triumph of love, fertility, and friendship. Newborn babies are usually given names derived from the word «Nauryz», for example, Nauryzbay and Nauryzgul.



During the celebration of Nauryz there are great events organized in Kazakhstan such as poetry readings, concerts using the national instrument (the dombra), as well as sports competitions and theater performances. Nauryz often hosted competitions between young men in the fight, or jumps. Sometimes young men competed in the ability to stay in the saddle with the girls. Also, Nauryz hosted «aitys», where akyns competed in their mastery - poets-singers-improvisers.

**Based on materials
from Internet sites**

**Materials are edited by
T.Ibragimova**

ВКУСНЕЙШАЯ ТУРЕЦКАЯ КУХНЯ



DONER 2GO®

— by OZYURT —

690тг



DONER СЕНДВИЧ COMBO

590тг



890тг



DONER2GO - г. Алматы,
Крупнейший молл Казахстана
APORT Mall, 2 этаж
тел: +7 701 982 85 93

DONER2GO - г. Астана,
пр. Туран, 37
ТРЦ Хан Шатыр, 3 этаж
тел: +7 701 788 20 12



doner2go
ozyurt.kz

Canada

Almaty

Madrid

New York

London

ЖАЗДЫ ҚАЛАЙ
ҚЫЗЫҚ ӨТКІЗСЕМ
БОЛАДЫ?..

1. ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬЛЕР
2. ШЕТ ЕЛГЕ САЯХАТТАР

OXFORD
VISION

АҒЫЛШЫН ТІЛІ МЕКТЕБІ

Толық ақпарат;
+7 747 345 90 90

WWW.OXFORDVISION.NET